1. Экскурсия / музей сабағының тақырыбы;
2. Сабақтың болған уақыты;
3. Музей сабағынан есте қалған нәрсе;
4. Музей сабағынан қандай жаңа нәрсені білдім;
5. Музей сабағынан алған әсерім;
6. Тағы да нені білгім келеді;
7. Шығармашылық бөлім: сурет, фото, өлең, әңгіме, эссе, иллюстрациялар т.б.

VII. Үнемі қызығушылық таныту

Музей сабақтарының жоспарланған нәтижелері

Музей – білім алушының зерттеушілік дағдыларын дамытатын орын. Өйткені, музейлер адамзат тарихында зерттеушілік, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға қызығушылықтың дамуына, қызметтің ерекше түрі ретінде ғылымның қалыптасу процесіне байланысты пайда болды.

Музей қызметі білім алушыларда келесі құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді:

зерттеушілік – тарихи ақпаратты өз бетінше таба білу; мәселені шешудің бірнеше нұсқаларын таба білу, модельдеуді, нақты және ойластырылған эксперименттерді, бақылауды қолдана білу; бастапқы дереккөздермен жұмыс; өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру қабілеті; *реттеушілік* – мақсат қоя білу; іс-әрекетті, уақытты, ресурстарды жоспарлау мүмкіндігі; шешім қабылдау және олардың салдарын болжау қабілеті; өз қызметін зерттеу дағдылары; іс-әрекеттегі өзін-өзі реттеу дағдылары; *коммуникативті* – өзара әрекетке кірісу – диалогқа түсу, сұрақ қою; пікірталас жүргізу қабілеті; өз көзқарасын қорғай білу; сұхбат жүргізу дағдылары; ауызша сұрау; *баяндау дағдылары* – монологтық сөйлеу дағдылары; сөйлеу барысында сенімді бола білу; сөйлеу кезінде әртүрлі көрнекі құралдарды пайдалана білу; жоспардан тыс сұрақтарға жауап беру қабілеті.

Музей сабақтарының нәтижесінде білім алушылар зерттеушілік әрекетін дамыту құралы ретінде оқу, сыныптан тыс жұмыстарда, мектеп тәжірибесінде пайдалануға болатын эсселер, шығармашылық жұмыстар, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жобаларды дайындайды.

Музейде өткізілетін сабақтарды оқу тақырыптары бойынша келесідей

топтастыру ұсынылады:

- 1) Тарихи кезеңдер бойынша музейде жүргізілетін сабақтар;
- 2) Тұлғалар тарихы тақырыбына сәйкес ҚР-ның әр өңірінде орналасқан тарихтағы тұлғалар музейінде жүргізілетін сабақтар;
- 3) Өлкетану материалдары негізінде жергілікті жерлердегі өлкетану музейлерінде өткізілетін сабақтар.

Тарихи кезеңдер бойынша музейде өткізілетін сабақ тақырыптары «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сараланды [17]. Музейде өткізілетін сабақ тақырыптары, ҚР музейлерінің тізімі мен сілтемелер 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Тарихи кезеңдер бойынша оқу бағдарламасында қамтылған тақырыптар.

Мерзімі	Тақырыптар	ҚР музейлерінің тізімі	Музейлерге виртуалды саяхат жасауға сілтеме
5 сынып			
І тоқсан	1. Тас дәуірі	1)ҚР мемлекеттік Орталық музейі. Палеонтология және археология залы (Алматы қаласы.)	https://csmrk.kz/index.php/kz/
		2) ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы (Астана қаласы.)	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Қола дәуірі	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы. Ежелгі өнер және технологиялар» залы (Астана қаласы.)	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	3. Андрон мәдениеті	ҚР мемлекеттік Орталық музейі. Палеонтология және археология залы (Алматы қаласы)	https://csmrk.kz/index.php/kz/
	4. Беғазы-Дәндібай	ҚР ғылым академиясының Ә. Марғұлан атындағы археология музейі	Алматы, Достық даңғылы 44, т. (8-727-2), 61-85-85
II тоқсан	1.Темір дәуірі	«Ғылым ордасы» Археология музейі	http://gylymordasy.kz/kaz/m-razhaj/arheologiya-m-razhaj/
	2. Сақтар	Аспан астындағы музей Алматы (Боралдай) сақ қорғандары	https://www.youtube.com/watch?v=1W5OSKbLAVA Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай ауылы.

	3. «Алтын киімді адам»	«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы	Алматы облысы, Есік қаласы, Алматинская-1.
--	------------------------	---	--

	4. Сақ қорғандары	«Берел» тарихи-мәдени музей қорығы. Ақпарат орталығы, бейнегалерея.	https://berel-museum.kz/kz/2015-02-19-07-41-59/videogallery.html
III тоқсан	1. Үйсіндер	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Қаңлылар	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Ғұндар	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	3. Халықтардың ұлы қоныс аударуы	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
IV тоқсан	1. Сарматтар 2. Сармат мәдениеті 3. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы	Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі. «Археология» экспозициялық залы	https://atyrau-museum.kz/kz/murazhajturaly/madeni-is-sharalar/2244-arkheologiya-zaly-ashyldyturaly/madeni-ishttps://atyrau-museum.kz/kz/murazhajturaly/madeni-is-sharalar/2244-arkheologiya-zaly-ashyldysharpalar/2244-arkheologiya-zalyhttps://atyrau-museum.kz/kz/murazhajturaly/madeni-is-sharalar/2244-arkheologiya-zaly-ashyldy
6 сынып			
I тоқсан	1. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/

	2. Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары	«Ғылым ордасы» сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/kaz/m-razhaj/arheologiya-m-razhaj/
	3. Түркілердің әскери өнері	ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейіне саяхат	https://baribar.kz/31918/q-r-qaruly-kushterininh-askeri-tarikhi-muzeyine-sayakhat/
	4. Түркі мәдениеті	Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі. Қобыз залы	https://almatymuseum.kz/yhlasa-kz/
II тоқсан	1. Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері	ҚР Ұлттық музейі. «Көне түркі өркениеті» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Сауда мен қала мәдениеті	ҚР мемлекеттік Орталық музейі. (Алматы қаласы)	https://csmrk.kz/index.php/kz/
	3. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы	ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі. Ұлы Жібек Жолы бойымен залы	https://www.kaznu.kz/kz/17913/page/
	4. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары	ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі. Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары залы	https://www.kaznu.kz/kz/17913/page/

III тоқсан	1. Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан	«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық музейі. Архитектура-Жошы хан кесенесі.	http://ulytaureserve.kz/kz/page/2/
	2. Әмір Темір мемлекеті, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	3. Ортағасырлық саяхатшылар	Сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/kaz/m-razhaj/sirek-kezdasetin-kitaptar-m-razhaj/
IV тоқсан	1. Қазақ халқының қалыптасуы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/

	2. Біртұтас қазақ мемлекеттілігі	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	3. Қазақ хандығы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	4. Қазақ халқының мәдениеті	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
7 сынып			
I тоқсан	1. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер	ҚР Ұлттық музейі. Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары	«Ғылым ордасы» сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/kaz/m-razhaj/arheologiya-m-razhajy/
	3. Түркілердің әскери өнері	ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейіне саяхат	https://baribar.kz/31918/qr-qaruly-kushterininh-askeri-tarikhi-muzeyine-sayakhat/
	4. Түркі мәдениеті	Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі. Қобыз залы	https://almatymuseum.kz/yhlasa-kz/
II тоқсан	1. Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері	ҚР Ұлттық музейі. «Көне түркі өркениеті» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. Сауда мен қала мәдениеті	ҚР мемлекеттік Орталық музейі. (Алматы қаласы)	https://csmrk.kz/index.php/kz/
	3. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы	ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі. Ұлы Жібек Жолы бойымен залы	https://www.kaznu.kz/kz/17913/page/
	4. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары	ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі. Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары залы	https://www.kaznu.kz/kz/17913/page/
III тоқсан	1. Моңғол шапқыншылығы	«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық музейі. Архитектура-Жошы хан кесенесі.	http://ulytaureserve.kz/kz/page/2/
	2. Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/

	3. Әмір Темір мемлекеті, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы	Сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/ka z/m-razhaj/sirek-kezdesetin-kitaptar-m-razhaj/
	4. Ортағасырлық саяхатшылар	Сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/ka z/m-razhaj/sirek-kezdesetin-kitaptar-m-razhaj/
IV тоқсан	1.Қазақ халқының қалыптасуы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/ exhibition-activities/
	2.Біртұтас қазақ мемлекеттілігі	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/ exhibition-activities/
	3. Қазақ хандығы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/ exhibition-activities/
	4.Қазақ халқының мәдениеті	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы	https://nmrk.kz/structure/ exhibition-activities/
8 сынып			
I тоқсан	1. 17-18 ғғ. қазақ мәдениеті	ҚР Ұлттық музейі. «Материалдық емес мәдени мұра» залы	https://nmrk.kz/structure/ exhibition-activities/
III тоқсан	1.Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстары	Сирек кездесетін кітаптар музейі	http://gylymordasy.kz/ka z/m-razhaj/sirek-kezdesetin-kitaptar-m-razhaj/
	2.Қазақстанның XIX ғ. бірінші жартысындағы мәдениеті	Тарихи-этнографиялық музей. Жәңгір хан	https://olke.kz/kaz/struktura-muzeya/filialy/istoriko-etnograficheskij-muzej https://olke.kz/kaz/struktura-muzeya/filialy/istoriko-etnograficheskij-muzej-im-zhangir-khanaim-zhangir-khana
IV тоқсан	1.Қоныс аудару және жер саясаты	ҚР мемлекеттік Орталық музейі. «Қазақстан диаспоралар мәдениеті» залы	https://csmrk.kz/index.php/kz/
	2.Қазақстанды зерттеу. Ағартушы ғалымдар	Павлодар облыстық Г.Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейі	http://pavlkraimuz.kz/ru/

9 сынып			
I тоқсан	1. XX ғ.басындағы Қазақстан	Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://semeymusey.kz/ru/
	2. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс	М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://kultura.zhetisu.gov.kz/pages/22/
	3. «Алаш», «Алашорда» Алаш зиялылары	Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов музейі	http://abay-museum.kz/

II тоқсан	1. ҚазАКСР мен ҚазКСР тарихы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	2. 1937-1938 жж. қуғын-сүргін	Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі	http://repressiya.kz/
IV тоқсан	1. Желтоқсан оқиғасы	М.Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі «Қайрат және Желтоқсан» залы	http://museum.zhetisu.gov.kz/pages/8/
	2. Тәуелсіз Қазақстан	ҚР Ұлттық музейі. «Тәуелсіз Қазақстан» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
	3. Қазіргі заманғы Қазақстан	ҚР Ұлттық музейі. «Тәуелсіз Қазақстан» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
10 сынып			
I тоқсан	1. Қазақстан тас, қола дәуірінде	«Ғылым ордасы» Археология музейі	http://gylymordasy.kz/kaz/m-razhaj/arheologiya-m-razhaj/
II тоқсан	1.Қазақстан жеріндегі VI-XV ғғ. мемлекеттер	ҚР Ұлттық музейі. «Көне түркі өркениеті» залы	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/

	2. Қазақ хандығы	ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан тарихы» залы.	https://nmrk.kz/structure/exhibition-activities/
III тоқсан	1. Көшпелілердің рухани мәдениеті	Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі. Қобыз залы	https://almatymuseum.kz/yhlasa-kz/
	2. Қазақ даласының даналары	Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық музейі	http://ru.abay-museum.kz/
	3. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»	Батыс Қазақстан облыстық өлкетану музейі. «Рухани жаңғыру» музейі	https://olke.kz/kaz/struktura-muzeya/filialy/muzej https://olke.kz/kaz/struktura-muzeya/filialy/muzej-rukhani-zha-yrurukhani-zha-yru
IV тоқсан	1.Қазақстанның Ресейге қосылуы	Сырым Датұлы атындағы Сырым аудандық тарихи-өлкетану музейі	http://olke.kz/index.php?id=51&lang=ru&option=com_content&view=article&Itemid
11 сынып			
II тоқсан	1.1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс	М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://kultura.zhetisu.gov.kz/pages/22/
	2.«Алаш». Алашорда үкіметі	Ахмет Байтұрсыновтың музей-үйі	http://e-history.kz/ru/publications/view/741
III тоқсан	1.Қоғамдық саяси өмір	Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы «Торғайдың Жангелдин музейлер кешені» КММ	http://muzei-torgai.rka.kz/dokumentatsiya-2/ekskursiyalar.html
			http://museum-alzhir.kz/

	2.Саяси қуғын-сүргін. Халықтар депортациясы	«Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешені	
IV тоқсан	1.Тәуелсіз Қазақстан. Қазақ диаспорасы.	ҚР мемлекеттік Орталық музейі. «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан, диаспоралар мәдениеті» залы	https://csmrk.kz/index.php/kz/
	2. «Қазақстан-2050». ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев. Астана – ҚР-ның жаңа елордасы	Тұңғыш Президент Музейі	https://nazarbayev-center.kz/museum

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша музей сабақтарын ұйымдастыруда оқу тақырыптарына сәйкес музей залдарының ерекшеліктерін анықтау қажет.

Тарихи кезеңдер бойынша тақырыптарды зерделеу негізінде ұйымдастырылатын музей сабақтарына арналған ҚР музейлерінің қысқаша сипаттамасы ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – Орталық Азиядағы ең жас әрі ең ірі музей. Музей «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тапсырмасы бойынша құрылды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табылған көптеген құнды дүниелер Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің баға жетпес қорын құрайды. Музей 14 залдан тұратын экспозициялық алаңнан тұрады. Олар:

Астана залы тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде Астана қаласының пайда болуы, қалыптасуы және дамуы тарихын бейнелейтін маңызды нормативтік-құқықтық актілердің, фотодеректі материалдардың жүйеленген жинағы түрінде ұсынылған. Зал материалдары хроникалық-деректі тәртіппен қойылған. Ол қаланың ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихын шолуға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз Қазақстан залында мемлекеттің қалыптасуынан бастап саяси және экономикалық реформалардың жүргізілуі, жаңа өнеркәсіптің құрылысы, сыртқы саясаттағы жетістіктер, білім мен ғылым, мәдениет пен спорт саласындағы реформалар айқын көрсетіледі.

Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы. Зал экспозициясы тас дәуірі, қола

дәуірі, ерте темір дәуірі және ортағасырлар кезеңіне бөлінген 4 тақырыптық бөлімдерден және ежелгі Қазақстан тұрғындарының антропологиялық зерттеулеріне арналған бөлімшеден тұрады.

Ежелгі өнер және технологиялар залы. Зал көрмесінде ел тарихынан сыр шертетін қола дәуірінен бастап, ерте темір дәуірі мен кейінгі орта ғасырларға тән жәдігерлер қойылған. Залда негізгі жәдігерлер ел тарихында ауқымды кезеңді қамтитын ерте темір дәуіріне тән археологиялық олжалардан тұрады.

«Көне түркі өркениеті» залы Ұлы дала төсінде империялық дәрежеге жеткен ортағасырлық түркілердің материалдық, рухани мәдениет құндылықтарына арналған.

Қазақ жерінің сан ғасырлы тарихын таныстыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің басты залдарының бірі *«Қазақстан тарихы» залы*. Залдың жалпы ауданы 1481.5 шаршы метрді құрайды. Экспозиция үлкен және екі кіші залда орналастырылған. Экспозицияның негізгі бөлігінде XIII -XX аралығында қазақ даласында болған саяси оқиғалар, көшпелі мәдениеттің қалыптасуы мен қазақ халқының рухани өмір салты бейнеленген. Экспозицияда қазақ мемлекетінің құрылуы, мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы, қазақ руларының жоңғар жаулаушыларына қарсы күресі, қазақ жерінің Ресей империясының құрамына кіруі және XX ғасырдың аяғына дейінгі басқа да тарихи процестер туралы баяндалады.

«Материалдық емес мәдени мұра» залы. Зал экспозициясы 8 бөлімді қамтиды және видео-контентпен сүйемелденген. Материалдық емес мәдени мұра – ұрпақтан ұрпаққа берілетін және материалдық емес мәдени құндылық болып табылатын салт-дәстүр, түсініктер мен пайымдардың нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ олармен байланысты құралдар мен заттардың жиынтығы.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне арналып, көшпелі өркениеттің салт-дәстүрі және әдет-ғұрпын, ұлттық құндылықтарын дәріптеуде ерекше маңызға ие. Зал экспозициясында музей көрермендері назарына қазақ халқының XIX-XX ғасырлардағы зергерлік әшекейлері, дәстүрлі киім үлгілері, киізден жасалған үй бұйымдары мен кілем түрлері және үй жиһаздары ұсынылады.

Ұлттық қазынаны зерделеу жөніндегі музей құрылымы ғылыми-зерттеу институтынан тұрады. Сонымен қатар, балалар музейі, балалар шығармашылығы орталығы, екі көрме залы, қалпына келтіру шеберханасы, зертханалар, кәсіби қор сақтау және оқу залы бар ғылыми кітапхана, мәжіліс залы бар.

Музей әлемдік стандарттарға сәйкес жабдықтармен жарақтандырылған, экспозициялар үшін заманауи көрме технологиялары: екі залға жұмыс істейтін арнайы контенті бар бірегей иілген экран, медиа еден, қазіргі Елорданың орталық бөлігінің серпінді макеті, медиаэкрандар, голограммалар, диодты жарық LED-техника, сенсорлық дүңгіршектер, үш тілде ақпарат беретін мультимедиялық жолсерік пайдаланылады. Музейде экскурсиялардың алуан түрлері – шолу және тақырыптық, философиялық экскурсиялар, интерактивті сабақтар мен ойын экскурсиялары түрінде арнайы бағдарламалар әзірленген. Ұлттық музей

заманауи санаткерлік мәдениет мекемесі болуға, Республиканың тарихи және мәдени мұрасын талдау, салыстыру, пайымдау, талқылау, ой-пікір айту және бағалау орнына айналуға тиіс. Музейде білім алушыларды тарихпен тілдесудің белсенді қатысушыларына айналдыру үшін барынша мол мүмкіндіктер жасалған.

Сондықтан ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезең тақырыптары бойынша *Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде* музей сабақтарын ұйымдастыру білім алушыларға алған білімді бекітуге, музей жәдігерлерімен кеңінен танысуға, зерттеушілік және тарихи ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар *Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіндегі* Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Қазіргі заманғы өнер залдары бойынша виртуалды музей сабақтарын ұйымдастыруға болады. Әр тақырып бойынша виртуалды музей сабақтарын ұйымдастыруға арналған сілтемелер 1-кестеде берілген.

«Қазақстан тарихы» пәнінен «Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері» тақырыбы бойынша Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінің этнография залына виртуалды саяхат сабағының жоспары ұсынылады.

Мұғалімнің ТАӘ: Ажикабулова Айназ Сыныбы:10 Пән: Қазақстан тарихы Тақырып: Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	
Тақырыбы: Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері Оқыту мақсаты: □ Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану; □ қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау.	Қолданылған видео, жазба, таныстырылым слайдтары

Бүгінгі сабағымызда кездесетін кілт сөздерге назар аударыңыздар. Дала өркениеті – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы, этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпат. **Қолданбалы өнер** - материалдық мәдениеттің негізгі бөлігі.

Мәдени мұра - сан ғасырлық тарихы бар Қазақстан халқы дүние жүзі өркениетінің қазынасы саналатын мәдени құндылықтарға ие. Бұған дәлел ретінде еліміздің аумағында мекендеген ежелгі тайпалар мәдениетінің отырықшы егіншілік және көшпенді өркениеті дамуының жоғары дәрежесін көрсететін археологиялық олжаларды келтіруге болады.

Бүгін Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы бөліміне тоқталамыз.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті. Алдымен мәдениет дегеніміз не? Осыған тоқталайық. Мәдениет (латын. Cultura – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. *Мәдениет* – адам жасаған «екінші табиғат».

Мәдениет екіге бөлінеді. Материалдық мәдениет және рухани мәдениет.

Материалдық мәдениет жәдігерлерден (адамдар жасаған заттардан) және технологиялардан (жәдігерлерді жасау тәсілдерінен) тұрады. **Материалдық**

мәдениетке, яғни адамдар жасаған заттары: баспана, киім - кешек, әшекейлер, қару - жарақ, ыдыс – аяқ, музыкалық аспаптар және т.б.

Материалдық мәдениет.



Баспана



Киім-кешек



Әшекей



Қару-жарақ



Ыдыс-аяқ



Музыкалық аспаптар

Материалдық мәдениеттің әр түрлі технологияда жасаған заттарына тоқталсақ, олар:

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері

- ◆ Ағаш өңдеу
- ◆ зергерлік, қару-жарақ жасау, былғары өңдеу
- ◆ Сүйек, мүйізден жасалатын заттар, тас қашау
- ◆ Теріден жасалатын бұйымдар

Қазақ халқының үй кәсіпшіліктері

- ◆ киіз басу, текемет, сырмақ, қабырға кілемдері, ши төсеніштер тоқу


Дәстүрлі кәсіпшілік

- ◆ тоқымашылық пен кестелеу

Рухани мәдениет - білімдер мен дүниетанымдық идеялар жүйесі, ол әдеби,

көркем, сәулет және өзге де ескерткіштерден көрініс табады.

Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы. Киіз үй жай ғана өмір сүруді қамтамасыз ететін баспана ғана емес, сондай-ақ ол материалдық мәдениеттің көрінісі. Көшпелілік дәуіріндегі қазақтардың бөлшектеніп тасымалданатын баспанасы. Бұл – көшпелілердің жыл бойы жазғы көшіп-қонуға жарамды тамаша өнертабысы. Киіз үйдің іші аптап ыстықта салқын, қысқы суық ызғырықта жылы. Ол жылдам жиналады, бөлшектенеді және оңай тасымалданады.



Киіз үйдің құрылысы. Киіз үйдің ағаш қаңқасы бөлшектенетін торлы қабырғалар - кереге, дөңгелек төбесі шаңырақ пен шаңырақты ұстап тұратын иілген күмбездік – уықтардан құралады. Киіз үйдің ағаш бөліктерін талдан, қайыңнан, қараағаштан, көктеректен жасайды. Киіз үйге кіретін жерде жарма есік бекітілетін жақтау орнатылады. Керегенің сыртынан ши тұтылып, олардың үстінен киіз жабындар (туырлық, үзік, түндік, киіз есік) жабылады.

Киіз жабындар жылқының қылы мен қой жүнінен есілген арқандармен бекітіледі. Сонымен бірге керегенің торларын бекіту үшін баулар және қайыстар пайдаланылады.

Сабағымызды әрі қарай Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінің этнография залына виртуальды саяхат сабағымызбен жалғастырамыз.

Оқушылар! Біз сіздермен ҚР Ұлттық музейінің этнография залындамыз. Мұнда қазақ халқының материалдық мәдениетінен хабар беретін құнды жәдігерлер мен қолданбалы өнері қойылған.

Жалпы бұл зал қазақ халқының бай материалды және рухани мұрасымен таныстырады.

Залдың жалпы ауданы 600 шаршы метр залдың өзі киіз үй іспетті дөңгеленіп орналасқан.

Енді залмен танысайық. Оқушылар мұнда қазақтың-ұлттық киімі. Қазақтың киімінің ерекшелігі неде деп ойлайсыздар? Ерекшелігі ұлттық киімдерге салынған ою-өрнектерінде. Ою-өрнектер қазақ халқының салт дәстүрін,

тұрмыс тіршілігін, діни наным-сенімін бейнелейді. Сіздер мұнда сәукеле, камзол, көйлек, әшекей бұйымдарын көріп тұрсыздар. Ал оның артқы бөлігіндегі сөреде қазақ халқының дәстүрлі үй кәсіпшілігі. Күнделікті тұрмыста қолданылатын, әйел адамдардың қолынан шыққан бұйымдар: қабырға кілемдері, қабырғаға және жерге төселетін сырмақтар, текемет, киіз басу көрінісі. Мына сөреде Қазақтың ұлттық аспаптары - домбыра, қобыз (қыл қобыз, шаң қобыз) мүйіз сырнай. Қазақтарда дәстүрлі қолөнердің, үй кәсіпшіліктері мен қолданбалы өнер түрлерінің ішіндегі аса маңызды қолөнер түрі – ағаш өңдеу. Ағаш өңдеуші шеберлер үлкен құрметке ие болған. Ағаш заттарды оюлау мен асыл тастармен безендіру ағаш өңдеушіні қолданбалы өнерге жақындатты. Олардың уықтарды булауға арналған пеші, июге арналған құрылғысы, бұрғылау аспабы бар арнаулы шеберханалары болды. Ағаш оюшылар ою мен әртүрлі өрнектерді пайдалана отырып әр-түрлі бұйымдарды жасаған. Мұнда ағаштан жасалынған бұйымдар – балға, тарақ, төсек, шелек, үстел, сандық, түрлі ыдыстар және т.б. күнделікті тұрмыста қолданған заттар. Ал әрі қарай көшпелі мал шаруашылығы, қолөнер, егін шаруашылығы, былғарыдан киімдер тігу, ұсталық шеберліктің көріністері. Оқушылар! Сіздер жоғарыда киіз үйдің сыртқы құрылысымен таныстыңыздар. Енді киіз үйдің ішкі көрінісімен танысайық. Киіз үй ішінде өздеріңіз көріп тұрғандай - киіз үй күмбезі бау – басқұрмалармен және шашақтармен әшекейленеді. Жасау жабдықтары - киіздер, тоқылған кілемдер, төсеніштер мен әралуан ағаш және былғары бұйымдардан тұрады. Ыдыс-аяқ пен киім аспалы қаптарда, киіз қорапшаларда, заттар салатын қапшықтар мен сандықтарда қойылған. Киіз үй кеңістігі бес бөлікке бөлінеді: ошақ, қонақтарға, ерлерге, әйелдерге арналған бөлік және босаға.	https://kazmuseum.com/zaly-3.html
--	--

Төр – қонақтарға арналған құрметті орын. Мұнда сәнді кілем ілінеді, сондай-ақ үстіне көрпелер мен жастықтар жиылған сандықтар, аңның терілері, қасиетті зат ретінде құрметтелетін домбыра ілулі тұр. Төрден оңға қарай ерлерге арналған бөлігі: мұнда ер-тұрман, ат-әбзелдері, қару, аспаптар тұрады. Төрден солға қарай шымылдықпен бөлінген әйелдер бөлігі. Төрге қарама-қарсы есіктің жанындағы кеңістік – босаға. Ортада ағаш үстелі, ыдыстар және оюлы көрпешелер төселген. Әйелдер бөлігінде қазақ халқының материалдық жетістіктерінің және қолданбалы өнердің бай мұрасын көруге болады. Киіз үйде қазақтардың материалдық және рухани өмірі шоғырланған. Оқушылар! Қазақ халқының мұндай жетістіктерінің ерекшелігі: бүгінгі күнге дейін мән-мағынасын жоймай, заманауи үлгіде өңделіп қолданылуында. Материалдық мәдениет заттарында таңбаланған ақпарат - ол қазақ халқының мәдени генетикалық коды. Қорытынды, Қазақ халқының материалдық мәдениеті мен қолданбалы өнер жетістіктері: Заттардағы таңбаланған ақпарат-ұлттық мәдени кодтың сақталуы, салт-дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа жетуі, қолданбалы өнер дәстүрлі, жергілікті этникалық ұлттық ерекшеліктің негізінде дамыды.	
--	--

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша келесі тақырыптарды зерделеуде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде музей сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады.

5-сынып: Тас дәуірі, Қола дәуірі, Үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, халықтардың ұлы қоныс аударуы тақырыптары (ҚР Ұлттық музейі. «Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы», «Ежелгі өнер және технологиялар» залы);

6-сынып: Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер («Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы»), Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері («Көне түркі өркениеті» залы), Әмір Темір мемлекеті, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы, Қазақ халқының қалыптасуы, Біртұтас қазақ мемлекеттілігі, Қазақ хандығы, Қазақ халқының мәдениеті («Қазақстан тарихы» залы және «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы);

7-сынып: Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер (Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы), Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері («Көне түркі өркениеті» залы), Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан («Қазақстан тарихы» залы),

Қазақ халқының қалыптасуы, Біртұтас қазақ мемлекеттілігі, Қазақ хандығы, Қазақ халқының мәдениеті тақырыптары («Қазақстан тарихы» және «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залдары);


8-сынып: XVII-XVIII ғғ. қазақ мәдениеті («Материалдық емес мәдени мұра» залы);

9-сынып: ҚазАКСР мен ҚазКСР тарихы («Қазақстан тарихы» залы), Тәуелсіз Қазақстан, Қазіргі заманғы Қазақстан («Тәуелсіз Қазақстан» залы).

«Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасына сәйкес 5-сыныпта «Берел қорғандары» тақырыбы бойынша ҚР Ұлттық музейі. «Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы. Ежелгі өнер және технологиялар» залына виртуалды музей сабағының жоспары ұсынылады.

Мұғалім: Гылымбекова Айгерим Советпековна		
Сабақтың тақырыбы: Берел қорғандары 4-сабақ		
Оқу мақсаты: 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау		
Уақыт	Спикерлер	Артефакты
00:00-01:00	Сәлеметсіздер ме оқушылар! Бүгін Берел қорғандары тақырыбын жалғастырамыз.	https://kazmuseum.com/zaly-3.html
01:00-02:00	Мұғалім: Балалар өткен сабақта біз сіздермен сақ дәуіріне жататын Берел археологиялық ескерткішінің құрылысымен таныстық. Оның Есік, Бесшатыр, Шілікті қорғандардан қандай ерекшелігі бар екенін анықтадық. Қане, еске түсіріп көрейік! Берел қорымының ерекшелігі қандай? -Лақат жер астындағы тоң қабатына қарай барынша терең қазылған. Мәйітті саркофагта жерлейді. Обада мәйітпен бірге бірнеше жылқы көмілген. -Лақат асты мәңгі тоң қабат болғандықтан, мәйітпен жылқылар ұзақ бұзылмай сақталған. Мәйіттер бальзамдалған.	
02:00-03:00	1 оқушы: Қорымнан тапқан археологиялық олжалар сақтардың қолданбалы өнері мен дүниетанымы туралы құнды ақпарат береді. Берел қорымының №11 обасынан ағаш табыт – саркофагта ер адам мен әйелдің мәйіті табылғанын білесіздер. Астау тәріздес саркофаг екі бөліктен тұрады. Біреуіне мәйіт жерленсе, екіншісіне ағаштан, металдан жасалған ыдыс-аяқтар, қару-жарақ қойылды. Сондай-ақ қорымнан алтыннан жасалған әшекей бұйымдар, әсем ат-әбзелдерімен безендірілген жылқылардың сүйектері, грифон мүсіні және т.б. аң стилінде жасалған қолданбалы өнер жәдігерлері табылды.	 

03:00-04:00	2 оқушы: Саркофагтың сыртқы жағында әбзелдері сән-салтанатпен әсем безендірілген жылқы сүйектері табылды. Берел жылқыларының бастарында таутеке мүйізді ғажайып қырандар бейнесіндегі маскалар табылды. Сақтар әсем безендірілген жүйрік жылқылар көсемді ата-баба аруағы мекен ететін көк аспанға салтанатты түрде жеткізеді деп сенді.	
04:00-06:00	Тарих атасы Геродот еңбегінде сақтардың Күнге табынатынын және оған арнап құрбандыққа жылқы шалатынын жазады. Оның мәні: «Құдайлардың жүйрігі - Күнге, жануарлардың жүйрігі – жылқы лайық» дегенге сай келеді.	

06:00-08:00	Мұғалім: Енді бұған дәлел келтірейік! 1. Сақтар құдайлардың ішіндегі құдіреттісі – «Күн құдайы» деп есептейді. Жылқыны ең жүйрік жануар ретінде құрбандыққа шалды. 2. Берел обаларында жылқылардың денелері табылды. Жылқылар адамдар мәйітімен бірге жерленген. Жылқылардың денелері шірімес үшін тоң қабаттарға жерлеп, үстін қайыңның тоз қабығымен жапқан. 3. Сақтарда дүниедегі өмір әрі қарай о дүниеде жалғасады, бұл дүние мен о дүниедегі өмірді реттеуші Күн құдайы деген сенімде болды. «Жүйрік жылқы иесін тезірек басқа өмірге жеткізеді» деген сеніммен әсем безендірген. Берел обасынан табылған ерекше бұйым – балқарағайдан ойып жасалған өнер туындысы. Ол құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді қос қанатты грифон мүсіні. Бір қызығы көне грек жазбаларында сақтарды алтын қорыған грифтер деп атаған. Табылған жәдігер жерленген адамның үлкен билік иесі болғанын айғақтайды.	 
08:00-09:00	3 Оқушы: Берел қорымының ескерткіштері сақтардың өнері туралы мол ақпарат береді. Мысалы обалардан табылған ер-тоқымның қалдықтары. Ертоқым – ол ішін малдың жүнімен толтырған екі тоқыма жастықша. Ерлердің үстіне шиден тоқылған қалқан қойылған. №10 обадан табылған ер-тоқымда грифон аңды талап жатқан сюжеттік композиция бейнеленген. Ат әбзелдердегі аңдардың басым бөлігін бүркіт-грифондар, арқар, балық бейнелері құрайды. Мүйізді маска киген қанатты жылқының бейнесі бар ер-тоқым аппликациясы сақтарда бізбен кестелеу ісінің дамығанын көрсетеді.	 
09:00-09:00	Мұғалім: Ат әбзелдерін өрнектеуде қолданған түрлі аң бейнелерін сақтар жұқа ақ алтынмен қаптаған. Ғалымдар ақ алтындарды сақтар осыдан 2500 жыл бұрын өндіре алғанын анықтаған. Сақтар жасаған құмыралар қоңыр минералды бояумен салынған көркем суреттерімен көз тартады.	

10:00-11:00	Мұғалім: Берел қорғандарынан табылған түрлі аң үлгісіндегі әшекейлер – сол замандағы наным-сенімді, ырымдарды білдірсе керек. Мысалы, ат әбзелінде кездесетін қыран тұмсық, көкбөрі, бұлан мүйіз, жылқы мойын әшекей, алтынмен қапталған жылқының басына орнатылған таутеке мүйізі, Грифон бейнелі патша асатаяғы, самұрықтар мен қошқар мүйіздер көптеп кездеседі.	Жәдігер
12:00-12:00	1-тапсырма. Берел қорғанынан табылған жәдігерлердің атауын табыңыздар.	Жәдігерлер көрсетіледі
12:00-13:00	Жауабы: Ертоқым Саркафакты Грифон	
13:00-13:00	2-тапсырма 1. Жылқы қалай әсемделген?	
	Жылқының безендірілген ер-тоқымдары қандай ақпарат береді? Неге жылқыны иесімен бірге жерлеген? Жерлеу ғұрпы сақтардың дүниетанымын қалай сипаттайды?	
13:00-14:00	Жауабы: Жылқылардың басына маска кигізген. Таутеке мүйізі көсемнің сүйікті атының басына кигізілген. Ат әбзелдерінің әшекейлері аң стилінде жасалды. Ол сақтардың наным-сенімін білдірді. Мәйітті ата-баба аруағы әлеміне жеткізуші жүйрік жылқы болғандықтан бірге жерледі. О дүниедегі өмірге сенді. Ата-баба аруағына сиынды. Көктегі күн құдайына табынды. Шығу тектерін аңдармен байланыстырды.	
14:00-15:00	Қорытынды Сонымен оқушылар, бүгінгі сабақта Берел қорымынан табылған археологиялық олжаларды сипаттадыңыздар. Жерленген мәйіттердің жанынан табылған аса көркемдікпен әрі қымбат бұйымдармен әшекейленген ат-әбзелдері, қару-жарақтар, ыдыс-аяқтар, аң стилінде жасалған көптеген алтын әшекей бұйымдар, грифон мүсіні және т.б. артефактілер сақтардың қолданбалы өнері мен дүниетанымы туралы құнды ақпарат беретінін анықтадыңыздар.	

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі – тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына танымал, бірегей әрі көне музейлердің бірі. Оның қоры 300 мыңға жуық материалдық және рухани мәдениет құндылықтарынан тұрады. Қазіргі таңда музейде тұрақты жеті экспозициялық зал жұмыс істейді, түрлі мазмұндағы коллекциялар көрерменге Қазақстанның байырғы палеонтологиясы, ежелгі, ортағасыр, жаңа және қазіргі заманғы тарихы мен мәдени мұрасы жайлы толыққанды мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Жалпы музей экспозициясы қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі «музейлендірілген» моделі болып табылады.

«Экспозициялар» бөлімінен музейдің 7 экспозициялық залдары бойынша

виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік берілген. Олар «Палеонтология және археология», «Тарихи-этнография», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында және диаспоралар мәдениеті», «Тәуелсіз Қазақстан», «Ашық қор», «Антропология музейі», «Суретші-этнограф Н.Г. Хлудов» залдары.

«Коллекциялар» бөлімі музейдің қорларда сақталған ерекше-бірегей және сирек кездесетін коллекцияларын таныстырады.

«Ғылыми-қор қызметі» бөлімі қызығушылық танытушыларды музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен (Ғылыми Кеңес, жарияланымдар, еңбектер, ғылыми-қолданбалы жобалар, ғылыми конференциялар мен семинарлар, экспедициялар) таныстырады. Музейдің қор экспонаттарымен жұмыс істейтін мамандардың жұмысы туралы баяндайды.

«Мәдени-білім жұмысы» бөлімінен музей мамандары өткізген дәрістер, тақырыптық және шолу экскурсиялар, музей сабақтары, іс-шаралар, Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы әзірленген білім беру бағдарламалары, ҚР МОМ қор коллекцияларынан және жеке жиналымдарынан өткізілген көрмелер жайлы ақпарат алуға болады (Мекенжайы: 050059, Алматы, Самал-1, 44-үй).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде музей сабақтарын келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыру ұсынылады.

5-6-сыныптарда Тас дәуірі, Андрон мәдениеті, Сауда мен қала мәдениеті тақырыптары (ҚР мемлекеттік Орталық музейі. Палеонтология және археология залы);

8-сыныпта Қоныс аудару және жер саясаты тақырыбы (ҚР мемлекеттік Орталық музейі. «Қазақстан диаспоралар мәдениеті» залы). Сонымен қатар қазақ халқының сал-дәстүрі, мәдениетіне қатысты тақырыптарды зерделеуде «Суретші-этнограф Н.Г. Хлудов» залдарына саяхат жасап, суретшінің еңбектерін тарихи дереккөз ретінде пайдалану ұсынылады.

Археология музейі 1973 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының жанынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың бастамасымен республиканың археологиялық материалдарын сақтап, тұрақты түрде ғылыми зерттеу мақсатында ашылған. 2010 жылдың маусымынан бастап Археология музейі «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның құрамына енді. Археология музейі XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап тікелей қазақстандық ғалымдардың бірнеше буындарының жұмысымен және отандық археологиялық ғылымның жалпы даму үрдісімен тығыз байланысты. Біздің ғалымдардың елдің барлық өңірлерінде жүргізген көпжылдық зерттеулері Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы ғажап безендірілген, бай әрі сирек мәліметтер жинауға мүмкіндік берді.

Музей археологиялық жәдігерлерді сақтау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Нүсіпбеков, К.А. Әкішев, Х.А. Алпысбаев, М.К.Қадырбаев, А.Г. Максимова, К.А. Байпақов сынды белгілі қазақстандық ғалымдардың қатысумен құрылды. Музейде әлемдік тарихи және ғылыми маңызы бар сирек кездесетін жәдігерлер жиынтығы бар. Археология музейі осындай сипаттағы республикадағы жалғыз музей бола тұрып,

қазақстандық музейтану жүйесінде ерекше орын алады. Музейдің бай қоры, ерекше экспонаттары бүкіл әлемдік ірі көрме алаңдарының назарын сан мәрте аудартты (мекенжайы: Алматы қ., Шевченко к-сі, 28.).

Археология музейінде музей сабақтарын келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыру ұсынылады. 5-сыныпта Темір дәуірі, 10-сыныпта Қазақстан тас, қола дәуірінде тақырыптары («Ғылым ордасы» Археология музейі).

«Қазақтан тарихы» пәні мазмұнына сәйкес музей сабақтары білім алушылардың оқу бағдарламасы бойынша сабақта алған білімдерін бекіту және тереңдету мақсатында ұйымдастырылады. Музей ортасы білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандырып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді, ал музей жәдігерлерімен танысу ақпаратты өз бетінше іздеуге мүмкіндік береді. Бұл объективті көру дағдыларын дамытуға, алған теориялық білімді нақты білімге айналдыруға ықпал етеді. Музейдегі сабақ барлық білім алушыларды бірдей белсендендіруге көмектеседі, өйткені бұл музей ақпаратын қабылдаудың әртүрлі деңгейіне жеке көзқарас қалыптастырады. Музейдегі сабақтар циклін жүйелі түрде өткізу музей мәдениетін тәрбиелейді. Музей жұмысы білім алушыны оқыту мен тәрбиелеу процесін белсенді, мазмұнды, танымдық белсенділікке толы ету үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады және сол арқылы оны жеке тұлғаны дамытудың маңызды факторына айналдырады.

Пән мазмұнына сәйкес тұлғалар тарихы бойынша музей сабақтарын ұйымдастырудың мақсаты білім алушыларды қазақ тарихындағы тарихи тұлғалардың атқарған қызметін құрметтеуге тәрбиелеу, зияткерлік ой-өрісін кеңейту, сонымен қатар білім алушылардың байқағыштығын, көру жады мен шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Тұлғалар тарихын оқытудың міндеттері:

- білім алушыларды тарихи тұлғалардың біздің Отанымыздың дамуына қосқан зор үлесінің маңыздылығын білуге үйрету;
- білім алушыларды қазіргі заманда жетіспейтін адами құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың рухани байлықтарын жетілдіру;
- білім алушының тарихи дүниетанымын кеңейту, өз бетімен ойын жүйелей білуге үйрету, қосымша тарихи деректерді, музей жәдігерлерін қолдана отырып тарихи сананы қалыптастыру;
- адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Тарихи тұлғалар тарихы бойынша музейде өткізілетін сабақ тақырыптары «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сараланды. Тарихи тұлғаларға қатысты музейде өткізілетін сабақ тақырыптары, ҚР музейлерінің тізімі мен сілтемелер 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Тарихи тұлғалар тарихы бойынша оқу бағдарламасында қамтылған тақырыптар.

№	Тақырыптар	ҚР музейлерінің тізімі	Музейлерге виртуалды саяхат жасауға арналған сілтемелер
---	------------	------------------------	---

5 сынып			
1	Әлкей Хақанұлы Марғұлан	«Әлкей Марғұлан атындағы № 40 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	https://40-astana-bilim.edu.kz/kz/mektephttps://40-astana-bilim.edu.kz/kz/mektep-zha-aly-tary/239-lkej-mar-lan-muzeji-t-rbieni-ajnar-b-la-y-ta-yrybynda-veb-ekskursiya.htmlzha-aly-tary/239-lkej-mar-lan-muzeji-thttps://40-astana-bilim.edu.kz/kz/mektep-zha-aly-tary/239-lkej-mar-lan-muzeji-t-rbieni-ajnar-b-la-y-ta-yrybynda-veb-ekskursiya.htmlrbieni-ajnar-b-la-y-ta-yrybynda-vebhttps://40-astana-bilim.edu.kz/kz/mektep-zha-aly-tary/239-lkej-mar-lan-muzeji-t-rbieni-ajnar-b-la-y-ta-yrybynda-veb-ekskursiya.htmllekskursiya.html
6 -сынып			
1	Әл-Фараби	Әл-Фараби музейі	https://www.kaznu.kz/kz/17913/page/
2	Қожа Ахмет Ясауи	«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі (Түркстан қ.)	http://azretsultan.kz/rus/mavzolej-hodzhaahmeda-yasavi/ahmeda-yasavi/ https://kazakhstan.travel/touristhttps://kazakhstan.travel/tourist-spot/ru/171/mausoleum-of-khoja-ahmed-yasawispot/ru/171/mausoleum-of-khoja-ahmedhttps://kazakhstan.travel/tourist-spot/ru/171/mausoleum-of-khoja-ahmed-yasawiyasawi
3	М.Х. Дулати	М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті музейі	https://dulaty.kz/2019-09-23-06-33https://dulaty.kz/2019-09-23-06-33-53/2020-02-19-05-06-37.html53/2020-02-19-05-06-37.html
4	Жүсіп Баласағұни	М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті музейі	https://dulaty.kz/museum-kaz.html
7- сынып			
1	Абылай хан	«Абылай хан резиденциясы» музей кешені	https://rah.kz/ru/
2	Сырым Датұлы	Syrym Datuly museum in Zhympity Сырым Датұлы (Батыс Қазақстан облысы)	https://present5.com/syrym-datuly-museumhttps://present5.com/syrym-datuly-museum-in-zhympity-syrym-datuly/?ysclid=l772je0rrl291968999in-zhympity-syrym-dat%D2%B1ly/?ysclid=l772je0rrl2919689999
3	Жәңгір хан	«Бөкей ордасы» тарихи-музей кешені (Батыс	https://kazakhstan.travel/tourist-spot/kk/67/bukey-horde-historical-museum

		Қазақстан облысы)	
4	Исатай мен Махамбет	«Бөкей ордасы» тарихи-музей кешені (Батыс Қазақстан облысы)	https://kazakhstan.travel/tourist-spot/kk/67/bukey-horde-historical-museum
5	Шоқан Уәлиханов	Ш. Уәлиханов атындағы «Алтын емел» мемориалдық музейі Алматы облысы	https://culturemap.kz/kk/object/memorial-nyiy-muzeiy-im-ch-valihanova-altyn-mel
6	Ыбырай Алтынсарин	Алтынсарин музейі (Қостанай қ.)	Музей Алтынсарина, Қостанай — цены, адрес, телефон, описание, отзывы Турист.Ру (tourister.ru)
7	Абай Құнанбайұлы	«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» (ШҚО, Семей қаласы)	https://abai-museum.kz/
8 – сынып			
1	А.Байтұрсынұлы	Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 60 үй)	http://www.kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2189-akhmet-bajt-rsyn-ly-muzej-jimuzejleri/item/2189-akhmet-bajt-rsyn-ly-muzej-jimuzej-ji
2	Ә.Бөкейхан	Әлихан Бөкейхан Музейі (Астана қаласы)	https://baq.kz/news/othernews/alikhan-bokeykhan/?ysclid=l785w87pgn102036316bokeykhan/?ysclid=l785w87pgn102036316
3	Қ.Сәтбаев	Академик Қ.И.Сәтпаев Баянауыл мемориалдық музейі	https://satpaevmuseum.kz/
4	Бауыржан Момышұлы	Бауыржан Момышұлы атындағы музей	https://egemen.kz/article/145542-momyshuly-muzeyi?ysclid=l786yr14me439131785momyshuly-muzeyi?ysclid=l786yr14me439131785
9-сынып			

1	Әлия Молдағұлова	Әлия Молдағұлованың Кеңес Одағының Батыры облыстық мемориалды музейі	https://aliya-museum.kz/kk/
2	Мәншүк Мәметова	Мәншүк Мәметованың мемориалдық музей үйі	https://e-history.kz/kz/news/show/419/
3	Мұхтар Әуезов	М.Әуезов музейі	http://auezovmuseum.kz/kk
4	Ілияс Жансүгіров	І. Жансүгіров атындағы облыстық әдебиет музейі (Талдықорған қ.)	литературный музей и жансугурова — Яндекс: нашлось 3 млн результатов (yandex.kz) https://www.tinfo.kz/catalog/kultura-i-iskusstvo/oblastnoj-literaturnyj-muzej-im-i-zhansugurova.html https://www.tinfo.kz/catalog/kultura-i-iskusstvo/oblastnoj-literaturnyj-muzej-im-i-zhansugurova.html
5	Тұрар Рысқұлов	Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (Шымкент қ.)	http://museum.bhost.kz/index.php/kz/
6	Сәбит Мұқанов	С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтың әдеби-мемориалдық музей-кешені (Алматы қ.)	https://almatymuseum.kz/mukanova https://almatymuseum.kz/mukanova-kz/?ysclid=179td1eewk654935589
7	Нұрғиса Тілендиев	Н. Тілендиевтің мемориалдық музейі (Алматы қ.)	https://almatymuseum.kz/tlendiev https://almatymuseum.kz/tlendiev-kz/?ysclid=179tim7w11572362313
8	Амангелді Иманов	А.Иманов атындағы Амангелді мемориалдық музейі (Қостанай облысы)	http://amangeldymuseum.kz/kz/
9	Д.А. Қонаев	Д.А. Қонаев музейі (Алматы қ.)	https://almatymuseum.kz/kunaev https://almatymuseum.kz/kunaev-kz/?ysclid=179tqbmurm812462804
10	Жамбыл Жабаев	Ж.Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі (Алматы қ.)	https://vlast.kz/inside/43657-vnutri-literaturno-memorialnyj-muzej-zambyla https://vlast.kz/inside/43657-vnutri-literaturno-memorialnyj-muzej-zambyla-zabaeva.html?ysclid=179tuazjxs860525814zabaev

			a.html?ysclid=179tuazjxs860525814
--	--	--	--

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша музей сабақтарын ұйымдастыруда оқу тақырыптарына сәйкес музей залдарының ерекшеліктерін анықтау қажет.

Тұлғалар тарихы бойынша тақырыптарды зерделеу негізінде ұйымдастырылатын музей сабақтарына арналған ҚР музейлерінің қысқаша сипаттамасы ұсынылады.

1. Әлкей Марғұлан

Әлкей Марғұлан атындағы № 40 мектеп-лицейінде 2006 жылы 11 мамырда Әлкей Марғұлан музейі ашылған. Музей жұмысы 5 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

Әлкей Марғұлан және филология;
 Әлкей Марғұлан және этнография;
 Әлкей Марғұлан және шоқантану;
 Әлкей Марғұлан және археология;
 Әлкей Марғұлан және тарих.

Мектеп музейінде ғалымның өзі ұстаған заттары – археологиялық экспедицияда ұстаған чемоданы, домбырасы, диваны, жазу үстелі, жазу машинкасы, кітап сөресі, киген киімдері – бас киімі, костюмі, шапаны, шарфы бүгінде музей жәдігеріне айналды. Сондай-ақ ғалымның кітапханасындағы 200-ге жуық кітаптары мен қолжазбалары және құжаттар көшірмесі музейдің құнды экспонаты болып табылады. «Академик Әлкей Марғұлан ізімен» атты туристік-өлкетану экспедициясы нәтижесінде білім алушылар Әлкей Марғұлан жүріп өткен жерлерді аралап, Ұлы даланың тарихымен танысып, этнографиялық материалдар жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізуді мақсат еткен оқушыларымыз жыл сайын Қазақстанның киелі жерлерімен танысып, экспедициялық жұмыстарын зерттеп, зерделейді.

Мектептегі барлық оқу-ағарту, тәрбие беру жұмыстарының бастамасы академик Әлкей Марғұлан музейі, Әлкей Марғұлан туристік-өлкетану экспедициясы, Марғұлантану курсы, Марғұлан оқулары, Марғұлан сыйлығы, Марғұлан олимпиадасы, Марғұлан журналы, Марғұлан маршымен тығыз байланысты. Музейге виртуалды саяхат жасауға арналған сілтеме 2-кестеде берілген.

2. Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі

Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі – ел тәуелсіздігімен үндесіп, құнды жәдігерлермен толыққан рухани орын.

Екі экспозициялық залда Қ.И. Сәтбаевтың туған жері, балалық шағы, жастық шағы, оқу жылдары, қалыптасуы мен қатардағы инженерден бастап Қазақстан Ғылым Академиясының Президентіне дейінгі жолы көрсетілген.

Ғалымның туған жері – Айрық, ата-анасы, бірінші ауыл мектебінің макеті, Павлодар орыс-қазақ училищесінде, Семей мұғалімдер семинариясында оқыған

жылдары.

Ғалымның отбасы жайлы материалдар, Қаныш Сәтбаевтың 50 жылдық мерейтойына арналған сыйлықтары: керамикалық құмыралар, гобелен, кофе қайнатқыш, керамикалық табақшалар, химиялық элементтер кестесі, домбырасы қойылған.

Минералды тастардың коллекциясы ерекше сұлулық болып табылады. Қаныш Сәтбаевтың және оның жұбайы, геолог Таисия Сатпаеваның минералдар топтамалары қойылған.

Экспозицияда Қаныш Сәтбаевтың үйіндегі жұмыс кабинетінің интерьері жасалған. Емен жұмыс үстелі, орындық, ОНИКС тастан жасалған үстел жиынтығы – бұл уақыттың рухын жеткізетін музейдің құнды экспонаттары.

Өзіндік даму тарихын қалыптастырған музей академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғұмырнамасы мен ғылыми еңбектерінен сыр шертіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Академик, геолог Қаныш Сәтбаевтың жеке заттары орналастырылған зал көрермендерін тамсандырып қана қоймай, музейді жаңғырту мақсатында қоғамдық мәні зор мәдени жобаларды жүзеге асыруда.

3. Әл-Фараби музейі

Әл-Фараби музейі – Қазақ ұлттық университетіне 1991 жылы есімі берілген Ұлы ғұлама бабамыз әл-Фарабидің рухани мұраларына арналған.

Музей 2013 жылдың 13 сәуір күні университеттің Ғылыми кітапханасымен бірге салтанатты түрде ашылған. Музейдің негізгі мазмұндық құрылымы – диорамдық кешендері мен жайма сөрелері тақырыптық экспозицияларға бөлінген. Олар: «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы»; «Ұлы Жібек Жолы бойымен»; «Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты»; «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары»; «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан».

Экспозициялық көрсетілімде Әл-Фарабидің мұралары – философиялық трактаттар, фарабитанушылардың құнды зерттеулері, Отырар елді мекенінен табылған тарихи артефактілер, деректер, конференция материалдары және әлемнің ең ірі кітапханалары мен музейлерінен әкелінген баға жетпес жәдігерлер қойылған.

Музей – жастардың бойында рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, ұлы бабамыздың мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа сүйіспеншілікпен жеткізуде және насихат жұмыстарын жүргізуде маңызды жәдігерлер қоры болып табылады.

4. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі (Түркстан қ.)

Исламның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ғұлама, ұлы ақын Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне тұрғызылған осынау көрнекті кесене Түркістан облысында орналасқан. Ел арасында «Кіші Мекке» деп дәріптелетін киелі орын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. Биіктігі 39 метрге жететін ғимарат бір-бірімен түрлі дәліздер арқылы жалғасып жатқан 35 бөлме: көне жазба деректер сақталған кітапхана, «Қылуат» жерасты мешіті, монша, жаңа туған сәбилерге тиісті діни жоралғылар орындалатын шілдехана бөлмелерінен

тұрады. «Қазандық» аталатын орталық бөлмеде көнеден келе жатқан киелі жәдігер – Тайқазан орналасқан.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ғасырлар бойы бар тас-түйіріне сіңірген рухани білімді әр келушісінің санасына дарытқан қасиетті орын, Қазақстанның ғана емес, күллі Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін танытар орда. Кесене сәулет өнерінің салтанаты мен ізгіліктен көрініс тапқан рухани кемелділікті сабақтастырып тұр [18].

5. *«Абылай хан резиденциясы» музей кешені*

«Абылай хан резиденциясы» музей кешені 2007 жылдың 13 қарашасында тарихи музей ретінде құрылды. Музей ғимараты республикалық маңызы бар қала құрылысы және сәулет ескерткіші болып табылады, 2008 жылы мемлекеттік қорғауға алынған. Ғимараттың тарихи-мәдени құндылығы – бұл қаланың таулы бөлігіндегі алғашқы тас ғимараттардың бірі. Бұл ғимараттың тарихы қазақ жерлерін біріктіруді алғаш бастағандардың бірі Абылай ханның өмірі мен қызметі туралы аңыздармен тығыз байланысты.

Музей 4 экспозициялық залдар мен фойеден тұрады:

- ✓ Абылай ханның 1711–1770 жж. өмір сүрген жылдары;
- ✓ Абылайдың тынығу бөлмесі;
- ✓ Тақ залы;
- ✓ Абылай хан – ұлы мемлекет қайраткері (1771–1780 жж.) көрме залы.

Музейде тақырыптық және жалпы экскурсиялар, интерактивті іс-шаралар, қызықты адамдармен кездесулер және басқа да іс-шаралар өткізіледі.

6. *«Бөкей ордасы» тарихи-музей кешені (Батыс Қазақстан облысы)*

1960 жылдарында Бөкей ордасында өз жұмысын тарихи-революциялық музей ретінде бастап 2002 жылы толық тарихи кешенге айналды. Ол XIX ғасырда Бөкей ордасының соңғы ханының – Жәңгір ханның Хан ордасы ретінде пайдаланылған аумақта орналасқан. Жәңгірдің билеген уақыты кезінде аудан қалалық ерекшеліктерге ие болған, бұл оның ханның басты әкімшілік орталығы болуына мүмкіндік жасады. Заманауи тарихи музей кешеніне төрт әр түрлі музей кіреді. Олар: Бөкей Ордасының хроникасына, Хан сарайының қару-жарақтарына, Қазақстанның алғашқы мектебінің және ел тәуелсіздігінің қалыптасуының тарихына арналған. Сонымен қатар, мұнда күйші Дәулеткерей Шығайұлы, ағартушы Мұхамед-Салық Бабажанов және Жәңгір ханның өзінің тарихи тұлғаларының кесенелері орналасқан. «Бөкей ордасы» тарихи-музей кешені Қазақстан Республикасының қасиетті объектілерінің тізіміне енгізілген.

7. *Ш. Уәлиханов атындағы «Алтын емел» мемориалдық музейі (Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылында орналасқан).*

Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтын емел» мемориалдық музейі 1985 жылы, Абылай ханның ұрпағы, қазақтың көрнекті зерттеушісі, этнограф, батыл саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығына орай ашылған.

Экспозиция Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты бірнеше бөлімнен тұрады:

Шоқанның тұлғасын қалыптастыруға әсер еткен XIX ғасырдың басындағы саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің бейнесін қайта жасайтын материалдар;

Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары мен қызметінің басталуы, орыс зиялыларының өкілдерімен танысу туралы материалдар;

Орталық, Орта Азия, Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның тарихын, этнографиясын, географиясын зерттеуде терең із қалдырған Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы;

Петербург кезеңі, Ресейдің ғылыми және әдеби орталарымен достық және іскерлік байланыстар туралы материалдар;

Ш.Уәлиханов әдебиетте, кескіндемеде және кинода.

Экспозицияда Шоқанның жеке заттары: қару-жарақ, ер-тоқым, ол жасаған карталар мен сызбалар, саяхаттар мен экспедициялар кезінде жасалған қолжазбалар, графикалық және кескіндемелік жұмыстар, халықтық қолданбалы өнер бұйымдарының коллекциялары қойылған. Музыкалық аспаптар Ш.Уәлихановтың қазақ аңыздары мен әндеріне деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін көрсетеді. Қырғыз, ұйғыр, қытайлардың ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдар, саяхат кезінде Уәлиханов жинаған минералдар ғалымның алуан түрлі зерттеу қызығушылықтарын көрсетеді.

Шоқанның балалық шағы өткен Сырымбеттегі Айғаным әжесінің мекенжайының макеттері, оның қабіріндегі құлпытас, заманауи шеберлердің қолымен тоқылған және ғалымның әйгілі саяхаттарының бағытын бейнелейтін ерекше гобелен сол кездегі экспонаттармен үйлеседі.

Экспозицияда Ш.Уәлихановтың тірі кезінде және қайтыс болғаннан кейінгі шығармаларының басылымдары қойылған. Ш.Уәлихановтың ғылыми-ағартушылық қызметінің зор тарихи мәні бүгінгі күнде бұрынғыдан да терең әрі толық ұғынылады. Оның шығармашылық мұрасын мәңгі сақтау, ғылыми еңбектерін насихаттау бойынша көп жұмыс атқарылды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы институт, Көкшетау қаласындағы аудан, Қазақстан қалаларындағы көшелер ұлы ғалымның есімімен аталды, облыстарда, қалаларда, аудандарда ескерткіштер тұрғызылды.

8. *Ы.Алтынсарин музейі (Қостанай қ.)*

Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық музейі мәдениет жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің төрағасы Е. Рахмадиевтің бұйрығымен 1991 жылы 9 желтоқсанда ашылды. Музей ғимараты екі бөліктен тұрады – біріншісі Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің нақты көшірмесі. Ішінде жазушының мемориалдық сыныбы мен әкімшілік кабинеттер орналасқан. Екіншісінде – киіз үй тәріздес екі қабатты ғимаратта екі стационарлық көрме «Ыбырай Алтынсарин – мұғалім-ағартушы» және «Қазақстан Республикасы халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың шығармашылық лабораториясы» экспозицияға қойылған.

Музейде жазушының шығармашылығы мен өмірі жайлы кітаптар, оның жеке заттары, Ы. Алтынсариннің кітаптары, мектептерінің макеттері, фотосуреттер, естеліктер жиналған. Экспонаттар Алтынсариннің өмірі мен қызметін ғана емес, сонымен бірге Қазақстандағы халыққа білім беру жүйесі құрылымының қалыптасуы мен даму тарихын көрсетеді. Торғай облысы мектептерінің инспекторы бола тұрып Ы. Алтынсарин екі сыныпты төрт орталық

училищенің, бес болыстық мектептің, орыс қоныстанушылары балаларына арналған екі училищенің ашылуына себепкер болды. Ол қыздар және қолөнерлік білім берудің бастауында тұрды, бұған музейдегі ерекше фотоматериалдар, мұрағаттық құжаттар куә болады.

Музейде «Шариат-ұл-ислам» кітабының түпнұсқасы қойылған. Сонымен бірге залдарда зергерлік бұйымдардың бай коллекциясы – қазақ зергерлерінің шебер жұмысының нәтижесі қыздар әшекейлері қойылған. Музейде көрнекті ағартушылар, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, ақындар, Алтынсарин мектептерінің түлектері туралы қызықты материалдар бар.

9. *«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» (ШҚО, Семей қаласы).*

Музейдің негізі 1940 жылы қаланған. Музейде 1967 жылдан бері «Абай дәуірі», «Абайтану», «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай халық жүрегінде» атты залдар, ал ақынның 175 жылдық мерейтойына орай «Абайтану», «Тәуелсіздік және абайтану», «Галерея. Абай бейнелеу өнерінде», «Көрме залы» атты залдары орналасты. Музей қорында 21 мыңнан аса экспонат, ғылыми кітапханасында 16 мыңнан аса басылым сақталған. Олардың ең құнды және маңыздылары музей экспозицияларынан орын алған.

10. *Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі (Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 60 үй).*

Музей-үй төрт бөлме және бір жертөледен тұрады. Оның бір бөлмесі – ахметтану дәрісханасы. Үш залда ғалымның шығармашылық ғұмырына қатысты экспонаттар жасақталған.

А. Байтұрсынұлының шығармашылығына қатысты 2000-ға жуық ғылыми мақала (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), 50-ден аса монография, 15-16 халықаралық ғылыми конференция материалдары 20-дан аса республикалық ғылыми конференция материалдары жарық көрді. Бұл жинақтардың барлығы музей қорының асыл қазыналары. Музей-үй жанынан 1000-ға жуық кітап, 500-дей әдеби журналдар, 50-дей түрлі конференция материалдары және апталық газет тігінділері қамтылған кітапхана жұмыс істейді. Музей-үйде ғалымның туған күні 5 қыркүйекте «Тұлға тағылымына – тағзым» атты ахметтану оқулары жыл сайын өткізілетін дәстүрлі шараға айналды.

11. *Әлия Молдағұлованың Кеңес Одағының Батыры облыстық мемориалды музейі.*

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1980 жылғы 5 маусымдағы жарлығы бойынша Мәдениет Министрлігі 1980 жылдың 11 маусымында Ақтөбе қаласында Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұлованың мемориалды музейін ашу туралы бұйрық шығарды. Музейді құрудың негізгі мақсаты – жас ұрпақтың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық тәрбие беру.

Әлия музейі жұмысының мазмұны – батыр қыздың өмірі мен ерлігі туралы мәліметтерді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болып табылады. Экспозицияда батыр қыздың негізгі өмір кезеңдері: «Халық есінде», «Батырлар бұрышы», «Әлия атында», «Әлияны халық әлпештейді», «Тәуелсіз Қазақстан» атты бөлімдері көрсетілген. Музейдегі ең құнды экспонаттарға батыр қыздың

майданнан жазған хаттары, Кеңес Одағының Батыры атағы берілгені туралы грамотасы, соғыс кезіндегі құжаттар мен заттар, қару-жарақтар, ыдыс-аяқ, әскери киім, мұрағат деректері, тілші-зерттеуші С.Асқаровтың жеке архиві, соғыс ардагерлері мен Ақтөбе батырларының жеке құжаттары мен наградалары, сирек кездесетін кітаптар және белгілі кеңес қолбасшылары туралы мемуарлар жатады.

Музей 1985 жылдың 22 сәуірінде Ақтөбе қаласында, Ұлы Жеңістің 40 жылдығына және Батыр қыздың 60 жылдығына орай салтанатты түрде ашылды.

Музей көпшілікке мәдени және әскери-патриоттық тәрбие беру орталығы болып табылады. Музейдің негізгі жұмыс бағыттары – ғылыми-зерттеу, танымдық, жинақтау және жалпы мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру.

12. Мәншүк Мәметованың Мемориалдық музей үйі

Қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың Мемориалдық музей үйі 1982 жылы ашылды. Орал қаласында орналасқан музей ғимараты ХІХ ғасырдың тарихи ескерткіші. Музейдің басты концепциясы қазақтың батыр қызының ерлік тағдыры болып табылады. Музей ғимараты ХІХ ғасырдың тарихи және мәдени ескерткіші болып табылады. Осы үйде Мәметовтар отбасы 1932 жылдан бастап 1934 жылға дейін тұрды.

Музей экспозициясында 30-шы жылдардың кезеңі ретті көрсетілген, бұл Мәметовтер отбасының тұрмысы мен ішкі көрінісі, орындықтар, айна, сандық, ыдыс, «Zinger» тігін машинасы, қобдишалар, кестелер, хаттар, жеке самаурын және т.б. Осында Мәншүктің анасы Әмина Сүлейменова тапсырған бірегей, түпнұсқалық экспонаттар орналасқан.

Музейдің негізгі экспозициясы 5 залдан тұрады. Оның негізі – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының барысы, оған Орал бойындағы батысқазақстандықтардың қатысуы, олардың фашизмді жеңуге қосқан үлесі. Хронологиялық тәртіпте соғыс тарихы, кеңес-герман соғысы майданындағы әрекеттердің барысы баяндалады. Мәскеу, Сталинград, Курск доғасын қорғау үшін болған ұрыстар, Днепрді күшейту және Берлин штурмы көрсетілген.

Музей кульминациясы Қазақстан Республикасындағы жалғыз «Мәншүктің өшпес ерлігі» диорамасы болып табылады. Оның авторы Мәскеу қ. Греков атындағы әскери студиясының суретшісі Ананьев Михаил Ананьевич. Диорама 1993 жылы 22 маусымда ашылған.

Музей топтамасында 2000-нан астам экспонат орналасқан, олардың арасында М. Мәметованың алты түпнұсқалық хаттары, Мәншүк өз атын жазған түпнұсқалық қамшы бар. Жауынгер каскасы, пулемет жолағына арналған оқ жәшігі мен майысқан дүңгіршегі бар. Музейде Мәншүктің көптеген құжаттары мен фотосуреттері жинақталған. Батыр Мәншүктің майдандағы ерлігі мен сұрапыл соғысқа дейінгі жастық шағын, қаһармандық тұлғасын жастарға сіңіріп, патриоттық тәлім-тәрбие беруде музей-үйінің жәдігерлері құнды болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына сәйкес тұлғалар тарихы музейінде музей сабақтарын келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыру қажет.

5-6 сыныптарда тұлғалар тарихына байланысты келесі музей мәліметтерін

қолдану ұсынылады:

«Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері» тақырыбы, Ә.Марғұланнның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау оқу мақсатын меңгертуде (Әлкей Марғұлан музейінің Әлкей Марғұлан және археология, Әлкей Марғұлан және тарих бағыттары);

Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті тақырыбы Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру оқу мақсаттарын жүзеге асыруда (Әл-Фараби музейінің «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы»; «Ұлы Жібек Жолы бойымен»; «Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты»; «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары»; «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан» тақырыптық экспозициялары; «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті музейі);

7-8-сыныптарда:

Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

Зерттеу сұрағы негізінде «Абылай хан резиденциясы» музей кешенінің «Абылай ханның 1711–1770 жж. өмір сүрген жылдары», «Абылай хан – ұлы мемлекет қайраткері (1771–1780 жж.)» залы;

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбы (Сырым Датұлы атындағы тарихи музейі);

«1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбы 7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру оқу мақсаттарын меңгертуде «Бөкей ордасы» тарихи-музей кешеніне саяхат жасап, музей материалдарын сабақты бекітуде пайдалану ұсынылады.

«Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы» тақырыбы бойынша Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау оқу мақсатын зерделеуде Ш. Уәлиханов атындағы «Алтын емел» мемориалдық музейіндегі Шоқанның тұлғасын қалыптастыруға әсер еткен XIX ғасырдың басындағы саяси, әлеуметтік және мәдени өмір тарихы материалдары; Омбы кадет корпусындағы оқу жылдары мен қызметінің басталуы, орыс зиялыларының өкілдерімен танысу туралы материалдар; Орталық, Орта Азия, Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның тарихын, этнографиясын, географиясын зерттеуде терең із қалдырған Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы; Петербург кезеңі, Ресейдің ғылыми және әдеби орталарымен достық және іскерлік байланыстары туралы музей материалдарын қолдану ұсынылады.

«БІ. Алтынсарин – жаңашыл педагог» тақырыбы мен «Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?» зерттеу сұрағын зерделеуде Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық музейіне саяхат сабағын ұйымдастыру қажет.

«Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?» зерттеу сұрағы негізінде Ахмет Байтұрсынұлы музей-

үйі бойынша музей сабағын өткізу ұсынылады.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері тақырыбы, «Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?» зерттеу сұрағы, 8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру оқу мақсатын меңгертуде Әлихан Бөкейхан музейіне саяхат сабағын өткізу қажет.

«Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы» тақырыбы 8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау оқу мақсатын зерделеуде Бауыржан Момышұлы атындағы музейі материалдарын қолдану ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи-өлкетану музей сабақтарын ұйымдастыруда 5-7-сыныптағы өлкетану тақырыптарына сәйкес музей залдарының ерекшеліктерін анықтау қажет.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына (5-7 сыныптарға) 12 сағат көлемінде өлкетану материалдары енгізілді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптарына арналған өлкетану материалдары келесі тақырыптарды қамтиды:

5-сынып – Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар. Өлкетану музейі және тарихи жәдігерлер.

6-сынып – Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.

7-сынып – Туристік маршруттар. Жомарт жүрек. Туған өлкенің шежіресі. Мектебімнің тарихы.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5, 6, 7 сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.

«Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдарын музей базасында өткізу білім алушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени

ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді. Өлкетану тақырыптары бойынша музейде өтетін сабақ «Қазақстан тарихы» оқу пәні арқылы іске асырылатын өңірлік компонентті зерттеу құралы болып табылады.

Сабақтың материалдары жалпы мақсатқа сай таңдалып алынады.

Музейде өтетін өлкетану сабақтарында экскурсия жүргізушілермен, ғылыми қызметкерлермен тығыз байланыста болып, музей жәдігерлерін талдау білім алушының өлке тарихын терең зерделеуіне мүмкіндік береді.

Өлкетану материалдары бойынша музей сабақтарын ұйымдастыру:

- білім алушының зерттеушілік дағдысын, ойлау әрекетін белсендіруге;
- білім алушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті педагогтің шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- білім алушының уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге;
- оқу процесінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- білім алушының шығармашылық ойлауын дамытуға әсер етеді.

Педагогтер өлкетану музейіндегі сабақты тақырып бойынша алдын ала орта мерзімді жоспарға сәйкес келетіндей етіп жоспарлайды.

Сабақта мынадай әдіс-тәсілдер қолданылады:

- ✓ ауызша шолу жасау (мұғалімнің әңгімелеуі, білім алушылардың хабарламасы, сұхбат жүргізу және т.б.);
- ✓ көрнекілік әдіс (иллюстрациялар, картамен, жәдігерлермен жұмыс, презентация, картиналар);
- ✓ зерттеушілік және проблемалық әдіс (хабарлама дайындау, сабаққа материалдар дайындау, сипаттаулар, салыстырулар).

Музей сабағы қорытындысын педагог білім алушылармен бірлесіп шығарады. Олардың әрекеттері: жеткен жетістіктерінің қойылған мақсаттар мен сабақ міндеттеріне сәйкес арақатынасы, сабақ мазмұнының іске асуы туралы хабарлама т.б. Білім алушылар міндетті түрде өлкетану музейіндегі сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді, жазбаша жазады.

Өлкетану тақырыптары бойынша музейде өткізілетін сабақ тақырыптары «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сараланды. Өлкетану музейінде өткізілетін сабақ тақырыптары, ҚР өлкетану музейлерінің тізімі мен сілтемелер 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Өлкетану бойынша оқу бағдарламасында қамтылған тақырыптар.

Мерзімі	Тақырыптар	ҚР тарихи-өлкетану музейлерінің тізімі	Музей сабақтарына арналған сілтемелер
5 сынып			

I тоқсан	Өлкетану музейі және тарихи жәдігерлер	Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://semeymuseum.kz/ru/
		Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://kraeved-kst.kz/
		Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://aktobe-museum.kz/
		Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://culturemap.kz/kk/object/atyrauskiy-oblastnoiy-istoriko http://culturemap.kz/kk/object/atyrauskiy-oblastnoiy-istoriko-kraevedcheskiy-muzeiy
		Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://olke.kz/
		Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://museum.karaganda.kz/
		Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://museum-kyzylorda.kz/
		Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://www.muzey.kz/
II тоқсан	Өлкенің тарихи ескерткіштері	Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі	http://repressiya.kz/
		«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі	http://azretsultan.kz/ru
III тоқсан	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер,	Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық музейі	http://ru.abay-museum.kz/
	Батырлар және ақындар	Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов музейі	http://abay-museum.kz/
		Ахмет Байтұрсыновтың музей-үйі	http://e-history.kz/ru/publications/view/741
		Сырым Датұлы атындағы Сырым аудандық тарихи-өлкетану музейі	http://olke.kz/index.php?id=51&lang=ru&option=com_content&view=article&Itemid
		М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі	http://kultura.zhetisu.gov.kz/pa_ges/22/
		Павлодар облыстық Г.Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейі	http://pavlkraimuz.kz/ru/

		С.Қожанов атындағы музей – Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы	
6 сынып			
II тоқсан	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі	//muz-kar-izo.kz/kz/
III тоқсан	Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	«Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-музей кешені	/http://museum-alzhir.kz

Өлкетану бойынша тақырыптарды зерделеу негізінде ұйымдастырылатын музей сабақтарына арналған ҚР өлкетану музейлерінің қысқаша сипаттамасы ұсынылады.

Алматы тарихы музейі. Алматы музейі 2001 жылы ашылған. Бүгінде ол Жетісу өңірінің тарихи-мәдени мұраларының барлық саласын қамтыған ірі ғылыми және мәдени орталық. Музей коллекциялары 40 мыңға тарта экспонаттарды құрайды. Олардың арасында – бейнелеу өнерінің шығармалары, қазақ этнографиясының бірегей жинағы, сонымен қатар қазір Алматыда тұратын әртүрлі халық өкілдерінің этнографиясы, әр дәуірдің мәдениеті мен тұрмыстық заттарының коллекциялары, нумизматика, фотосуреттері, құжаттары бар. Алматы музейі құрамына мәдени және табиғи ландшафты сақталған, әулеттік патшаларды жерлеу кешені «Боралдай сақ қорғандары» да кіреді. Музей экспозициясы 9 залдан тұрады.

«Ежелгі және ортағасырлық Алматы тарихы» залы. Бөлімнің негізгі тақырыбы – үш мың жыл бұрын пайда болған шағын қоныстардан, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қаланың әкімшілік билік, қолөнер, сауда, мәдениет және идеология орталығына айналған Алматының урбанизация үдерісі. XIII ғасырдың соңындағы күміс тиындар – дирхемдер XIII-XIV ғасырларда Қазақ хандығы құрылғанға дейін қала өмір сүргенін айғақтайды.

Экспозиция бай ақпараттық-иллюстрациялық материалдарды көрсететін мультимедиялық технологиялардың кең ауқымымен жабдықталған.

«Қазақ мемлекеттігінің бастауында», «Жетісу этнографиясы» залы. Экспозиция Қазақ хандығы қалыптасуы тұсындағы өңірдің тарихына, қазақтардың әскери өнеріне, қазақ этнографиясына арналған. Қазақтардың ортағасырлық әскери өнері жайлы баяндайтын экспозиция қазақ жауынгерлерінің Қазақ хандығы қалыптасуы кезеңіндегі жауынгерлік құрал-саймандарымен таныстырады. Қазақ халқының материалдық мәдениеті бөлімінде зергерлік өнердің бірегей үлгілері, Жетісу қазақтарының қолөнері мен шаруашылық салты туралы баяндайтын тұрмыстық заттары қойылған.

«Алматы тарихының Верный кезеңі» залы. Экспозиция қаланың XIX-XX ғасырлар тоғысындағы Жетісу облысының орталығы болған Верный қаласының

дамуына арналған. Бұл уақытта қаланың жоспарлы құрылымы қаланып, сәулеттік келбеті қалыптасты және білім беру мен мәдени мекемелер жүйесі дамыды. Құжаттары, шеберлердің жиһаз өнеріндегі сирек үлгілері және көрнекті верныйлықтардың есімдерімен тығыз байланысты XIX ғасырдың күнделікті тамаша заттары сол дәуірдің қайталанбас ахуалын бейнелейді.

«Алматы XX ғасырда» залы. Залдың экспозициясы Қазақстанның астанасы болған қаланың ең маңызды кезеңдерімен: Түркісб құрылысы, саяси қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, ғылым мен мәдениеттің, кәсіби өнердің, альпинизмнің дамуы және астананың елордаға көшуімен таныстырады. «Түркісб», «Қала тұрмысы», «Телевидение» инсталляциялары мен экспозициялық ансамбльдері және хроникалық-деректі материалдар мультимедиялық құралдармен ұсынылған.

«Кәсіби өнердің» дамуы залы. Бұл залда алғашқы хабарлардың түсірілуі мен белгілі дикторлардың фотосуреттері, мұрағаттық тарихи деректер және экспозициядағы телерадио аппаратуралары телевизия тарихының маңызын ашып, LED экран арқылы берілген.

Қазақтың музыка өнерінің дамуы бірқатар дарынды композиторлардың А. Жұбанов, М. Төлебаев, Е. Брусиловский мен шебер орындаушылар К.Байсейітова, Р. Бағланова, Б. Төлегенова, Е. Серкебаев және кино өнерінің майталмандары Ш. Айманов, Ә. Әшімов есімдерімен тығыз байланысты. Бұл кезең проекциялық экранмен сипаттала отырып, экспозицияда қойылған қазақ киносының алтын қорына енген «Қыз Жібек» көркемфильмінің бейнетаспалары, суретші Ж. Шарденовтың этюднигі, әйгілі Дос-Мұқасан ансамблінің және т.б. әртүрлі музыкалық аспаптар, кинокамера құрылғысы қаланың мәдени келбетін айқындайды.

«Желтоқсан» залы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне арналған. Экспозицияда 1986 жылғы оқиғаларды бейнелейтін бірегей заттық жәдігерлер ұсынылып, мұрағаттық фото-деректі материалдармен өрілген.

«Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі». Мультимедиялық экспозиция келушілерге Тәуелсіздіктің алтын бесігі – Алматы қаласының тарихымен танысудың бірегей мүмкіндігін ұсынады. Материалдарды динамикалық және интерактивтік тұрғыда беру әдісі, қала тарихы мен оның маңызды кезеңдерін жеңіл, әрі жағымды таныстыруға мүмкіндік береді (*мекенжайы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 132*).

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі. Музейде Атырау өңірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында Аралтөбе, Миялы, Борсық, Қылыш, Сарықамыс, Иманқара, Құдайберген қорғандарынан табылған б.з.д. IV ғасыр мен б.з. XI ғасыр аралығын қамтыған жәдігерлердің тарихын, мәдениетін, көшпелі тайпалардың өркениеті мен жетістіктерін насихаттайтын «Археология» жаңартылған экспозициялық залы бар.

Жаңғыртылған экспозициялық залда 1999 жылы Жылыой ауданындағы Аралтөбе қорғандар комплексінен табылған «Сармат көсемі» атауы берілген «Алтын адам», 2017 жылы Қызылқоға ауданындағы Миялы қорғанынан табылған «Ұлы дала жауһары» аталатын алтын киімді әйелдің реконструкциясы,

Сақ және Ғұн тайпалары жауынгерлерінің қалыпқа келтірілген тұлғалық мүсіндері, 2020 жылы Миялы (Жангелді) қорғандарынан табылған күміс әшекейлі қыздың және жылқы жүгенінің әшекейлі күміс жапсырмалары, Аралтөбе қорғанының макеті орналастырылған.

Ерте темір дәуірін көз алдыға келтірер көріністер мен жүргізілген қазба жұмыстарының кейбір сәттері арқылы әсем безендірілген залда қазба жұмыстары кезінде Аралтөбе, Иманқара қорғандарынан табылған семсерлер мен ақинақтар, моншақтар мен қайрақтастар, Миялы, Сарықамыс қорғандарынан табылған қыш құмыралар мен ыдыстар, сүйек қасық, алтын (көшірме) және күміс жапсырма әшекей бұйымдары, Борсық, Қылыш, Миялы қорғандарынан табылған қоладан құйылған төрт құлақты қазандар мен қола айналар, Қосшағыл маңындағы Қызыл-Үйіктен табылған IV-V ғасырларға жататын бал-бал тастар көпшілік назарына ұсынылады.

Семей облыстық тарихи-өлкетану музейі – Қазақстан және Батыс Сібір музейлерінің ішіндегі ең ірі ғылыми және мәдениет орталығы болып табылады. Оның негізі 1883 жылы 11 қыркүйекте (ескіше) қаланған. Музейден Батыс-Сібір

Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі шығарып тұрған құнды басылым «Записки...» деректеріне сүйене отырып, қала тарихында елеулі орны бар түпнұсқалармен танысуға болады. Музейге ұлы ақын Абай Құнанбайұлы 60-қа таяу экспонаттар өткізген, олар үлкен ас салатын табақ, қымыз құятын құтылар, қобыз, асатаяқ, шоқпар, айбалта, қамшы, кебеже т.б. – мұның бәрі Абайдың өзі тұтынған, қолымен ұстаған заттары. Оның көбі этнографиялық бұйымдар. Музей қаланың ортасында XIX ғасырдың аяғындағы архитектуралық ескерткіш бұрынғы Губернатордың үйінде орналасқан. Музей экспозициялары стахановтық қозғалыстың алғашқы қолдаушылары Түркісіб теміржолы, ет-консерві комбинаты, кеме жөндеу заводы сияқты алып құрылыстардың салыну тарихымен, еңбек ерлерімен таныстырады. Мұнда соғыс жылдарының қасиетті ескерткіштері де көптеп кездеседі. Жерлес батырларымыздың жеке заттары, киім-кешектері, қару-жарақтары, сирек кездесетін фотосуреттері мен басқадай документтері сақталған. Музей экспозицияларында соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезеңін, алға қойған міндеттерді орындау жөніндегі облыс еңбекшілерінің еңбек жетістіктерін баяндайтын мәліметтер мол.

Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (Шымкент қ.)

Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізі 1920 жылы қаланды. Музейдің жұмысы екі бағытта жүргізілді, ол: өлкенің өндіргіш күштері мен тарихын зерттеу ісі.

2014 жылы ОҚО тарихи-өлкетану музейі заман талабына сай салынған, жаңа ғимаратқа көшті. Музей «Табиғат, палеонтология, археология», «Этнография», «Қазақ хандығы және жаңа заман», «Тәуелсіз Қазақстан» деп аталатын төрт экспозиция залдарынан тұрады.

Әдістемелік ұсынымда өлкетану тақырыбы білім алушылардың сабақ іс-әрекетіндегі ізденіс, зерттеу жұмыстарының бағыты ретінде қарастырылады. Өлкетану тақырыптары бойынша музей сабақтарын ұйымдастыруда тарихи экспонаттар негізінде білім алушыларға туған өлкені зерттеу, өзіндік жұмыстар

(шежіре жазу, сұхбат жүргізу, сауалнама жүргізу, ауылды тарихи-этнографиялық сипаттау бойынша практикалық материал) жүргізу бойынша бағыт беру ұсынылады.

Тарихи орындар бойынша тақырыптарды зерделеу негізінде ұйымдастырылатын музей сабақтарына арналған ҚР тарихи орындар, тарихи-мәдени музей қорықтарының қысқаша сипаттамасы ұсынылады.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы. «Есік» қорық-музейі 2011 жылдан бастап археологиялық жұмыстар жүргізеді. Осы территория 2010 жылы құрылған «Есік» музей қорығының қорғалынатын басты объектісі болып табылады. Тарихи-мәдени музей қорығы қызметі Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттауға арналған.

Қазіргі уақытта «Есік» қорық-музейінде төрт экспозициялық зал ашылған: Сақ тайпаларының тарихы мен мәдениеті залы, Алтын адамның ашылуы мен зерттелу тарихы залы (осы залда сақ кезеңінің басқа да алтын бұйымдары, көне керамика мен қарудың қалдықтары, ат әбзелдерінің элементтері қойылған) Қазақстан археологиясы залы, археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетовтың көрме залы мен мемориалдық кабинеті.

Қорық-музейдің мәдени ландшафты оның ғимаратына тікелей жақын орналасқан қорғандар үйінділерімен ұсынылған. «Есік» қорық-музейінің экспозициялық залдарында, витриналарында үш тілде, соның ішінде ағылшын тілінде заттаңба орнатылған (<https://www.zakon.kz/4983397-zapovednik-muzeissyk-budet-rabotat-v.html>).<https://culturemap.kz/ru/object/gosudarstvennyiyistoriko-kul-turnyiy-zapovednik-muzeiy>)

Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданының Берел ауылы маңында орналасқан «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі 2008 жылғы 4 шілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 674 Қаулысымен «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып ашылды.

Қорық-музейдің құрылу мақсаты оның құрамына кіретін тарих және мәдениеттің археологиялық ескерткіштерін олардың ішкі көріністерімен, тарихи қалпында және онымен байланысты аумақтарды қол тимеген түрде сақтау және қатаң ғылыми негізде қайта қалпына келтіру, аса көркем, мәнерлі ғылыми экспозициялардың түпнұсқалық музей жинақтары негізінде жылжымайтын ескерткіштер жасау болып табылады.

Берел қорымы оңтүстік-шығыстан – солтүстік-батысқа қарай параллел бойымен тізбектеле созылып, бірнеше жеке жерлеу құрылыстарынан тұратын топтардан құралған.

Қорғандардың ең көнесі б.з.б. – IV-III ғасырлармен белгіленеді, бұл шамамен 2400-2300 жыл бұрын, ал ең соңғы ежелгі түрік заманындағылары - б.з. VII-VIII ғғ., бұл шамамен 1200-1300 жыл бұрын.

Берел қорғандарын далалық зерттеулер мен материалдарды лабораториялық-аналитикалық зерделеу 1997 жылдан бастау алды. Осы мерзім аралығында 20 объекті, соның ішінде мәңгі тоң басқан №10 және №11

қорғандары да бар.

Обаларды жүйелі түрде зерттеу Зейнолла Самашевтың есімімен тікелей байланысты. Оның басшылығымен жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде 1998-1999 жылдары қолдан жасалған мәңгі мұздықтағы № 11 «Патша қорғанынан» сақ көсемі мен әйелдің және ер тоқымымен бірге жерленген 13 жылқының мүрдесі табылды, оған қоса патшаның салтанат киімі, мініс аттардың ат әбзелдері, ағаштан, былғарыдан, киізден аң стилінде жасалған мыңнан астам қолөнер жәдігерлері табылды. Кейінірек тағы да мәңгі тоң басқан екі қорған зерттеліп, олардан да жерленген жылқылардың мүрделері табылды. Нәтижесінде ежелгі көшпенділер дәуірінің ақпараттық бірегей және көркемөнерлілігі жағынан үздік құндылықтарға ие болдық.

Тоң басқан оба-ескерткіштердің бірегейлігі – көшпелі ақсүйек өкілдерінің мүрделері мен жылқылардың мумияланған қалдықтарының, сол сияқты қайталанбас көне өнер үлгілерінің сақталуында және серілік-батырлық дәуірдің сипаты болып табылатын көшпелі мәдениет кезеңінің қалыптасуы мен ерекше діни-мифологиялық ұғымның дамуына сирек информациялық мүмкіндік туғызуында. Сақ-сібір аңдар стилінде жасалған жәдігерлердің табылуы – әлем деңгейіндегі жаңалық болды. Мәңгі тоң басқан обалардағы киім-кешектер, ат әбзелдері, ер-тоқымдар, ағаштан, матадан, киіз бен былғарыдан жасалған заттар түгелімен алғашқы қалпында сақталған. Әдеттегідей қорғандарда тек металдан, сүйек пен қыштан жасалған бұйымдар ғана сақталады. Бүгінгі таңда Берел – Отанымыздың теңдесі жоқ органикалық олжалар сақталған жалғыз ескерткіш.

Ашық аспан астындағы музейлерін оқу процесімен сабақтастыруда білім алушылар туған жерінің тарихи ескерткіштері мен киелі орындарын тану, білумен ғана шектелмейді. Олар Отанының киелі тарихи жерлерімен, ескерткіштермен танысады, өз көздерімен көріп, теориялық оқу дағдыларын практикамен байланыстырып, функционалдық, шығармашылық қабілеттері дамиды. Ашық аспан астындағы тарихи орындардағы тарих сабақтары Қазақстанда ашық аспан астындағы музейлердің өңірлік желілерін белсенді өрістетуді, оларды ішкі және халықаралық туризмнің тартымды орталықтары ретінде қалыптастыруды және орнықты дамуды бастау мүмкіндіктерін ашады. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 5-бабының 1-ші тармақшасында Тарих және мәдениет ескерткіштері мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) археология ескерткіштері;
- 2) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;
- 3) ансамбльдер мен кешендер;
- 4) киелі объектілер;
- 5) монументтік өнер құрылыстары.²

Тарихи орындар ашық аспан астындағы музейлер деген атаумен белгілі.

² Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ.

Ашық аспан астындағы музейлер. Тарихи кезеңдер бойынша музейде өткізілетін сабақ тақырыптары «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сараланды.

Қазақстанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлері» жобалары іске асырылуда. Әрбір адам жасына, әлеуметтік жағдайына, ұлтына қарамастан өз жерінің, ата-бабаларының, өз елінің тарихын білуге, құрметтеуге және сақтауға міндетті. Төмендегі *кестеде* біздің еліміздегі 100 жалпыұлттық *тарихи* қасиетті орындардың атаулары берілген олар республикалық қасиетті нысандар картасына енген. «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінен педагогтерге осы тарихи орындардың тізімі ұсынылады. Оқу пәндерінің мазмұнына сәйкес өңірлер бойынша тарихи орындарда зерттеу, шығармашылық, танымдық тарих сабақтарын өткізу ұсынылады. Төменде 100 жалпыұлттық тарихи қасиетті орындар туралы мәліметтер берілген.

Ерекше құрметті табиғи мұра ескерткіштері:

1. Ақмешіт Тауы (Ұлытау).
2. Хан Тәңірі Шыңы.
3. Мұзтау Тауы (Мұзтау, Алтай).
4. Шарын шатқалы.
5. Қазығұрт Тауы.



6. Жамбыл тауындағы және Абай ауданындағы Қоңыр әулие үңгірлері.
7. "Отпан тау" тарихи-мәдени кешені.
8. Бектау ата тауы мен үңгірі.
9. Жылаған ата үңгірі.

Археологиялық және сәулет ескерткіштері:

10. Бозоқ қалашығы.
11. Боралдай сақ қорғандары.
12. Есік сақ қорғандары.
13. Таңбалы археологиялық кешені.
14. Теректі әулие.
15. Беғазы археологиялық кешені.
16. Ботай қонысы.
17. Берел обалары, Шілікті обалары.
18. Меркі-Жайсан түркі мәдениетінің ескерткіштері.
19. Қосбатыр-Құмай ескерткіштері, шамамен (VI-VIII ғғ.).

20. Ақыртас бекінісі (VIII-IX ғғ.).

Қазақ хандығының ірі ортағасырлық қалалық орталықтары мен астаналары:

21. Қойлық қалашығы.

22. Жанкент қалашығы (V-XV ғғ.).



23. Сығанақ қалашығы (VI-XIX ғғ.).

24. Шірік-Рабат қалашығы

25. Жент Қалашығы

26. Тараз қалашығы (I-XIX ғғ.).

27. Сарайшық қалашығы (XIII-XVI ғғ.).



28. Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.).

29. Отырар қалашығы (I-XVIII ғғ.).

30. Созақ қалашығы (X-XVIII ғғ.).

31. Сайрам (Исфиджаб) қалашығы (XIII-XVII ғғ.).


32. Ақкөл-Жайылма қалашығы.

33. Жайық қалашығы (Теке).

Ғибадат орындары болып табылатын зиярат ететін және діни объектілер:

34. Х.А. Ясауи кесенесі (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, XV ғ., XVII ғ., үлкен Қылуат, XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі, XII-XIV ғғ.).


35. Арыстан баб кесенесі (XII ғ.).



- 36. Ыбырайым ата кесенесі (XI-XII ғ.), Қарашаш ана кесенесі (XI-XII ғ.).
- 37. Қарабура кесенесі.




- 38. Баба Түкті Шашты Азиз кесенесі.
- 39. Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі.
- 40. Ұкаша ата мазары (IX-X ғғ.).
- 41. Исмайл-ата сәулет кешені (XI-XIX ғғ.).
- 42. Маңғыстау қорымдары мен жерасты мешіттері (Оғыланды жеріндегі Бекет ата, XVIII ғғ., Шопан Ата, X-XIX ғғ., ежелгі Бейнеу мен Бекет ата, XI-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата, IX-X ғғ., XIV ғасырлар- XIX ғғ., Сұлтан-епа, X-XIX ғғ.)
- 43. Сисем ата қорымы (XIII-XIX ғғ.).
- 44. Абат-Байтақ кесенесі (XIX-XV ғғ.).
- 45. Алаш хан кесенесі.
- 46. Жошы хан кесенесі.
- 47. Домбауыл Кесенесі.



- 48. Екісін (Сарыторғайдағы ерте кезеңдегі ескерткіштер).
- 49. Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мазары.
- 50. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі.
- 51. Оқшы ата кесенесі.
- 52. Хорасан ата кесенесі, Төлегетай-Қылышты ата Мазар кешені (XI-XII

ғғ.).

- 53. Төктұрмас кешені (XIV ғ.).
- 54. Қарахан кесенесі (әулие ата) (XII ғ.).
- 55. Айша бибі кесенесі (XI-XII ғғ.), Бабажы қатын кесенесі (X-XI ғғ.).




- 56. Бегім ана мұнарасы (X-XI ғғ.).
- 57. Қорқыт ата мемориалдық кешені.
- 58. Үшқан Ата қорымы.
- 59. Ақмешіт қорымы.
- 60. Бұқар жырау кесенесі.
- 61. Ырғызбай Ата кесенесі.
- 62. Вознесенский соборы.
- 63. "Жаркент мешіті" архитектуралық-көркемдік кешені.



- 64. Құнанбай қажы мешіті.
- 65. Құтқарушы Христос храмы (XIX ғ.).

Тарихи тұлғалармен байланысты қасиетті орындар:

- 66. Жиренқопадағы Қобыланды батыр мемориалдық кешені.
- 67. Есім хан кесенесі.
- 68. Хан Ордасы – Көкшетау. Абылай хан алаңы. Оқжетпес. Кенесары Үңгірі.



69. "Хан моласы" мемориалдық кешені (XVIII ғ. Әбілхайыр хан.)
70. "Абылай хан резиденциясы" кешені.
71. "Қабанбай батыр" кесенесі-қорымы.
72. "Райымбек батыр" кесенесі.
73. Тама Есет Көкіұлы кесенесі (XVIII ғ.)
74. Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені.




75. Махамбет Өтемісовтың мазары.
76. 1916 жылғы көтеріліс басшыларының кесенелері (А.Имановтың жерленген жері; Әбдіғаппар мен Кейкі батыр кешендері).
77. Ахмет Байтұрсыновтың үйі (Алматы қ.).
78. Алтынемел қаласындағы Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені.
79. «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені.



80. Ы. Алтынсарин кесенесі.
81. Ж. Жабаев кесенесі.
82. Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық үйі (Семей қ.).
83. Міржақып Дулатов кесенесі.
84. Т. Г. Шевченконың мемориалдық кешені (1847-1857 жж.)
85. Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы (Теміртау қаласы).

Тарихи және саяси оқиғаларға байланысты қасиетті орындар:

86. "Таңбалы тас" ескерткіші.
87. Орбұлақ шайқасы болған жер.
88. Бұланты шайқасының орны.
89. Аңырақай шайқасының орны.



90. "Бірлік" монументі (Ордабасы тауы).



91. "Бөкей Ордасы" тарихи кешені

92. "Отан қорғаушылар" монументі (Астана қаласы).

93. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының "АЛЖИР" мемориалдық кешені.

94. Республика алаңы, Алматы қаласы (Тәуелсіздік монументі, "Тәуелсіздік таңы").

95. Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі».

96. "Алаш арыстары" үйі (Семей қ.).

97. "Ашаршылық құрбандарына ескерткіш" монументі (Астана қаласы).



98. Семей полигонының құрбандарына арналған Монумент — "Өлімнен де күшті" (Семей қ.).



99. "Астана-Бәйтерек" монументі Астана қаласы.

100. "Қазақ елі" монументі және "Мәңгілік Ел" салтанат қақпасы Астана қаласы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Музей – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Себебі, музейде орналасқан әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр.

Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ халқының болмыс-бітімін, асыл мұраларын, ұмыт болған тарихын қазіргі ұрпақтың жадында жаңғыртатын, санасына сіңіретін, механизмнің бірі – музей болып табылады.

Музейде көрсетілген мәліметтер мен заттар — тарих куәсі, оқу-тәрбие орталығы екендігін дәлелдейді. Жас ұрпақ дүниетанымының дұрыс қалыптасуы, ой-өрісінің жоғары болуы мектепте оқытылатын пәндердің мазмұнына, оқу-әдістемелік жүйесінің ұйымдастырылуына байланысты. Тарих пәнін оқыту тиімділігін арттыруда, білім алушылардың ақыл-ойын, тарихи қабілетін дамытып жетілдіруге осы пәнге қатысты жүргізілетін тарих сабағын музейде өткізудің маңызы зор. Әдістемелік ұсынымдамада музейлерде және тарихи орындарда «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінен сабақтарды өткізу бойынша педагогтерге әлемнің озық елдеріндегі білім берудегі мектеп пен музейдің сабақтастығы мен байланыстылығы тәжірибе ретінде берілді.

Музейлерде және тарихи орындарда өткізілетін сабақтарды Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу тақырыптары тарихи кезеңдер бойынша, тұлғалар тарихы тақырыбына сәйкес ҚР-ның әр өңірінде орналасқан тарихтағы тұлғалар музейінде жүргізілетін сабақтар және өлкетану материалдары негізінде жергілікті жерлердегі өлкетану музейлерінде өткізілетін сабақтар бойынша топтастырылып, сабақты өткізудің әдістемесі толығымен ұсынылды. Сондай-ақ, өңірлердегі педагогтардың тәжірибеде өткізілген музейдегі сабақ жоспарлары жұмыс тобында талқыланып, негізгі мазмұнға қойылды. Пән мұғалімдеріне көмекші ретінде қосымшада музей мен тарихи орындарда өткізілетін сабақ жоспарлары да жұмыс тобында талқыланып, ұсыным ретінде қойылды. Мәселен, музей мен тарихи орындарда сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдамада Ә.Ғылымбекова, Ш.Есенбекова, Г. Ұзақбайқызы және орыс тілінде Е.Букенов, АЭ.Абдуллина т.б. сияқты білікті педагогтардың әзірлеп дайындаған музей сабақ жоспарлары ұсынылды.

ҚР Ұлттық Музейінде Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің жетекшісі Ермекбаева Майра музей экспонаттарын сабақта қолдану бойынша өз пікірімен бөлісті. Ұсынымдамаға берген пікірлері ескеріліп, жұмыс тобында тарихи орындарда сабақ өткізудің әдістемелік жолдары талданды.

Қорыта келе, музейде тарих сабағын өткізу келесі бағыттар бойынша

жүзеге асырылуы қажет деп танылды:

- білім алушыларды ата-бабаларымыздың жасап кеткен шын мәдени қазына байлықтарының үлгілеріне қанықтырып, жеке адамның да, бүкіл қоғамның да рухани жетілуіне ықпал жасау;
- білім алушыларды танымдық құштарлыққа жұмылдырып, қалыпты өсіп-өркендеуіне, тарихи бейнелерді танып білуіне, музей заттарын, өткен замандардан келе жатқан шынайы мұралар негізінде бағалау, қастерлеу бағытында тәрбиелей отырып, олардың тарихи білімдерін қалыптастыру;
- музейлер өзінің мәдени-білім беру қызметінде білім алушылардың білімін тереңдете түсуіне, ізденгіштікке, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыру.

Жоғарыда атап көрсетілген бағыттар бойынша жұмысты іске асыруда музейдің «мәдени-білім беру қызметі» артып, «білім беру» ұғымы кең ауқымда, адамның интеллектісі мен ой-өрісін дамыту, оның жан дүниесі мен жеке қасиеттерін, қарым-қатынастарын дамыту мазмұнында жүзеге асады. Осылайша педагог тарих пәнінен музей сабақтарын шеберлікпен түрлендіріп отырса, білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығы да арта түседі. Білім алушылар топтарда жұмыс істеп, ойын еркін жеткізе білуге үйренуі қажет. Сонымен қатар зерттеушілік қабілеттерін дамыту жұмыстары арқылы білім алушылардың білімі мен тарихи ойлау дағдысы дамиды.

Болашақ ұрпақты ұлттық-идеялық бағытта тәрбиелеуде музейдің ғылыми жұмысы – идеясы, өнегелілігі, эстетикалық тәрбиесі маңызды рөл атқарады. Музейді танытуда арнайы музейтану пәнінің орны ерекше. Музейтанудың теориялық және ғылыми-әдістемелік ұстанымдары нақты болуы қажет. Музей қызметі тәрбиелік-идеялық, танымдық жұмыстан, экскурсиядан, экспозициядан, көрмелерден, сақтау қорын ашудан, тарихи ескерткіштерден тұратыны белгілі.

Біріншіден, музей экспонаттары және көрмелерге қойылатын басқа да бұйымдар білім алушыларға эмоционалды әсер беріп, бейнелеп сипаттайды;

Екіншіден, музей экспозициясының негізіне ғылыми тұжырымдама, музейдің ұжымдық жұмысы да жатады. Музейтану ғылымының құрамына экспонаттарды жинау, сақтау орнын зерттеп, сипаттап жазу және осы нысандардың бастыларын көрмеге қою жатады.

Қазіргі кезде білім алушыларда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда еліміздің ұлттық рухани айнасы – музейлердің орны ерекше.

Ақпараттық кеңістікте «музейдегі сабақ» түсінігі кеңінен таралып келеді. Бүгінде елімізде мектептегі білім беру мен музейлік білім беру арасының алшақтығы бар екендігі рас. Ұсынымдама бойынша педагогтерге музей сабақтарын жүргізудің әдістемесін бере отырып, осы алшақтықты жоюға тырыстық.

Осылайша, музей мен тарихи орындарда тарих сабақтарының құрылымы келесі компоненттерді құрайды:

Тақырып. Ең алдымен өтетін сабақтың тақырыбы, пәннің үлгілік оқу бағдарламасымен сәйкес болуы тиіс. Музей мен тарихи орындардағы сабақтың

тақырыптары пәнаралық байланыс, метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге бағытталғаны дұрыс. Сабақтарды өткізу мұғалім үшін де кәсіби білімін және біліктілігін жаңартып отыруға әсер етеді.

Жас ерекшелігі. Музей мен тарихи орындардағы сабақтарды өткізуде білім алушының жас ерекшелігі де ескеріледі. Сыныптың гендерлік ерекшелігін де ескеру мәселені талқылауда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Мәселе. Музей мен тарихи орындардағы сабақтарының ең басты өзегі – ол белгілі бір мәселені талқылау болуы мүмкін. Мәселеге қатысты материалдарды трансляциялау, «дайын» материалдарды бергеннен гөрі, оларға белгілі бір мәселені талқылау, оны шешу жолдарын табуды білім алушылардың өздеріне тапсырса нәтижелі болады.

Қызығушылық. Музей мен тарихи орындардағы сабақтарда білім алушыларға мотивация, импульс беретін нәтижесінде мәселені шешудің баламалы жолдарын таба алатын мүмкіндікті олардың өздеріне тапсыру айтарлықтай нәтиже береді. Ол үшін білім алушылар рұқсатпен музей заттарын қолдана отырып, гипотеза мен болжау, «қосып алу тәсілі» арқылы белгілі бір мәселе шешімін жариялауға болады.

